



• ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№91 (3720)
26 қараша 2024



газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СУДЬЯ КӨМЕКШІСІ – КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КЕПІЛІ



Сот жүйесінің тиімділігі мен әділеттілігін арттыру – кез келген құқықтық мемлекет үшін қажетті әрі өзекті міндеттің бірі. Бұл бағытта Қазақстанда соңғы жылдары ауқымды реформалар жүргізіліп, сот төрелігін қамтамасыз ету және халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыру мақсатында бірқатар жаңашылдықтар енгізілуде.

(Соңы 5-бетте)

Сәуле САҚОВА, Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы:

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ»

– Сәуле Сәкенқызы, Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына азаматтар көбінесе қандай мәселелер бойынша шағымданады?

– Шымкент қаласында жұмыс істей бастаған сәттен байқағаным, азаматтар көбінесе еңбек даулары, жер даулары және заңдық маңызы бар фактілерді нақтылау мәселелері бойынша сотқа жүгінеді. Мысалы, азаматтық істердің ішінде туған күн, аты-жөннің дұрыс болмауы немесе қайтыс болған адамның уақытында тіркелмеуі сияқты мәселелер жиі кездеседі. Мұндай жағдайларда азаматтар сотқа сол фактілерді анықтап беру үшін жүгінеді. Бұл негізінен уақытында заңда көрсетілген тиісті шараларды жүзеге асырмағандықтан туындайды.

Еңбек дауларына келетін болсақ, қарапайым халық көбінесе жұмыс берушінің алдындағы өздерінің құқықтарын білмейді. Мысалы, еңбекке жарамсыз болып қалған кезде жұмыс берушіге дер кезінде хабарлау немесе заңсыз жұмыстан шығарылған жағдайда өз құқықтарын қалай қорғау керектігін түсінбейді. Кейде азаматтар жұмыс берушінің заңсыз әрекеттеріне тап болғанда еңбек заңнамаларын білмегендіктен, өз құқықтарын қорғауда қиындықтарға тап болады. Шымкент қаласында еңбек дауларының ішінде заңсыз жұмыстан шығару, жұмыс берушілердің барлық құжаттарды формальды түрде рәсімдеп, бұл туралы жұмысшылардың кейін ғана хабардар болуы сияқты істер өте жиі кездеседі.

Жер даулары да маңызды мәселе болып табылады. Әсіресе, көрші жер учаскелерінің шекараларының қабаттасуы, жерге заңсыз кіру немесе меншік құқығы бойынша беттесу жағдайлары жиі орын алады. Осындай даулар көбінесе құқықтық сауаттылықтың төмендігінен туындайды. Құжаттарды рәсімдеу барысында да көптеген қателіктер орын алады. Тіпті, жоғары білімді заңгерлердің өзі сотқа талап арыз дайындау кезінде Азаматтық процессуалдық кодекстің 148-149-баптарын дұрыс орындамай жатады. Мысалы, талап-арыздың дұрыс атауын «талап қою» деп жазу керек болса, кейде ескі атаумен «талап-арызы» немесе «талапкер» деп көрсетіп жатады. Бұл қателіктер Азаматтық процессуалдық кодекс талаптарына қайшы келеді және арыздың кері қайтарылуына әкелуі мүмкін.

(Соңы 4-бетте)

• ФОРУМ

АЛДЫҢҒЫ ШЕПТЕ – АУДАН ПРОКУРОРЛАРЫ

Түркістанда «Заң мен тәртіп – қауіпсіз қоғам кепілі» атты оңтүстік өңір аудан прокурорларының бірінші форумы өтті. Іс-шараға Бас Прокурордың орынбасары Ғалымжан Қойгелдиев, Түркістан облысының прокуроры Мұрат Тлеубердиев, Бас прокуратураның Кадрлық жұмыс департаментінің бастығы Аида Әнуар, сондай-ақ Шымкент қаласы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарының аудан прокурорлары қатысты.

Бас Прокурордың орынбасары Ғалымжан Қойгелдиев өз сөзінде аудан прокурорлары құқық қорғау жүйесінің алдыңғы шебінде және жұртшылықпен тікелей байланыста жұмыс істейтінін, Мемлекет басшысы жариялаған «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыруда

олардың ерекше орын алатынын атап өтті.

Форум барысында прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде жұмыс тиімділігін арттыру әдістері, қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырудың өзекті мәселелері, құқық қорғау ор-

гандарының қызметін үйлестіру тиімділігін арттыру, қоғаммен өзара байланысты күшейту тақырыптары қозғалды.

«Заңның үстемдігі, құқық пен әділеттілік» – қоғам тыныштығы мен тұрақтылығының кепілі. Бұл ретте, елімізде жүргізіліп отырған құқықтық реформалар жұмыс сапасын арттыруға, жалпы құқық қорғау жүйесін одан әрі нығайтуға бағытталған. Сондықтан прокуратура органдары қазіргі заман талабына сәйкес жаңаруы, қадағалау қызметінде

профилактикалық шараларға баса мән беруі тиіс», – деді Ғалымжан Қойгелдиев.

Іс-шара аясында арнайы медиа-тренажерлер аудан прокурорларына бұқаралық ақпарат құралдарымен және әлеуметтік желілермен сапалы

жұмыс істей білу дағдылары туралы айтты. Бұл күнделікті қызметте прокурорларға «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының талаптарын сақтауға көмектеседі.

(Соңы 2-бетте)



• ФОРУМ

• ПАЙЫМ

АЛДЫҢҒЫ ШЕПТЕ – АУДАН ПРОКУРОРЛАРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Психолог мамандар өткізген тренинг ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру және сақтау, командалық рухты нығайту, өзара қарым-қатынас тәсілдеріне, сондай-ақ әртүрлі стрессік жағдайлармен жұмыс ерекшеліктеріне арналды. Сонымен қатар аудан прокурорлары өңірде орын алып отырған өзекті проблемалар мен оларды шешу жолдарын талқылады. Бизнесі қорғау, инвестициялық жобаларды қолдау, активтерді қайтару, азапша істерін тергеу, есірткімен күрес, лудомания, заң бұзушылықтардың профилактикасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша жұмыс нәтижелері туралы өзара тәжірибе алмасты. Форумға қатысушылар мұндай кездесулер мен оқыту тренингтері жұмыс тиімділігін арттыруға нақты көмектесетінін атап көрсетті.

Сонымен бірге, Бас прокуратураның бастамасымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде «Болашақ прокурор кеңістігі» атты бірлескен жобаның салтанатты ашылуы өтті. Іс-шараға Бас прокуратураның Қадірлік жұмыс департаментінің бастығы Аида Әнуар, университеттің вице-ректоры Эльмира Идирисова және студенттер қатысты.

Осы жоба аясында университет кітапханасынан арнайы бұрыш ашылып, онда прокуратура тарихы, құқықтанудың өзекті мәселелері туралы кітаптар мен журналдар, белгілі заңгерлер мен көрнекті қайраткерлердің өмірі және



қызметі туралы материалдар орналастырылды.

Іс-шара барысында студенттерге прокуратура органдарына жұмысқа орналасу талаптары, Құқық қорғау органдарының академиясына оқуға түсуге қажетті ақпарат жеткізіліп, тақырыптық бейнеролик көрсетілді. Сонымен қатар арасында екіжақты меморандум түзілді.

Меморандум шеңберінде облыс прокуратурасы мен жоғары оқу орны тығыз байланыс орнатып, «Құқықтану» ма-

мандығы бойынша оқитын студенттерге прокуратура жұмысын насихаттау, олардың кәсіптік практикасын өткізу және қызметке деген құлшыныстарын арттыру бойынша жұмыс жүргізіледі.

Прокуратураның бұл бастамасына университет басшылығы ризашылық білдіріп, жастарды қолдау мақсатында бірлескен жұмыс жүргізуге дайын екендерін жеткізді.

Түркістан облысы прокуратурасының баспасөз қызметі

Бүгінде елімізде сот саласын жетілдіруге байланысты көптеген іс-шаралардың атқарылып жатқаны белгілі. Мәселен, келер жылы елімізде кассациялық сот құрылады.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Кассациялық соттарды құру мәселесі сот саласының ортасында ғана емес, қоғамда талқыланып жатқан мәселе.

Кассациялық соттарды Қазақстан Республикасының Президенті өңіраралық сот мәртебесімен құрады, олар сот істері мен материалдарын кассациялық сатыдағы сот ретінде қарайтын, сот практикасын зерделейтін және төменгі тұрған сот сатыларының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықтарды сақтауы туралы сараптама жүргізетін, сондай-ақ заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыратын болады.

Дербес кассациялық соттың дамуы, біріншіден – сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуге, екіншіден – құқықтық дауларды шешуде әділдік пен бейтараптықты нығайтуға және құқық қорғау органдары мен азаматтар құқығын тиімді қолдануға бағытталған. Негізінен, кассациялық соттың тұрақты дамуы елдегі құқықтық мәдениетті арттырып, заң үстемдігін нығайтуға өз үлесін қосады деп ойлаймын.

Жаңа соттардың құрылуы сот әділдігін қамтамасыз етуге, дауларды қарауда қателіктерді болдырмауға бағытталған. Сондай-ақ кассациялық сот шешімдердің заңдылығын тексеруге және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге ықпал етеді. Кассациялық соттар істерді Жоғарғы Соттың тікелей қарауын азайтып, оның стратегиялық функцияларына көңіл бөлуге

мүмкіндік береді. Бұл сот жүйесінің жүктемесін төмендетіп, шешім қабылдау уақытын қысқартады.

Кассациялық соттар электронды құжат айналымы мен онлайн процестерді кеңінен қолданады. Бұл сот ісін қарауды жеделдетіп, азаматтарға қолайлы жағдай жасайды. Басты артықшылығы құқықтық жүйенің тұрақтылығымен, сот шешімдері заңдылығының қамтамасыз етіліп, құқықтық нормалардың біркелкі қолданылуымен айқындалады.

Тәуелсіз кассациялық соттар азаматтардың құқығын тиімді қорғайды. Бұл қадам құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтып, шетелдік тәжірибеге негізделген. Кассациялық соттардың құрылуы құқық қорғаудың жаңа деңгейі болып табылады, яғни, ол азаматтардың құқығы мен заңды мүддесін қорғаудың қосымша тетігін қамтамасыз етеді. Енді төменгі сатыдағы соттардың шешіміне күмәнданған азаматтар Жоғарғы Сотқа дейін бармай-ақ, кассациялық деңгейде өз құқығын қорғай алады. Қазақстанда кассациялық соттардың құрылуы азаматтық және қылмыстық істерді қараудағы әділдікті қамтамасыз етеді, сот жүйесіне деген сенімді арттырады және сот тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жанат ХАБАРОВ,

Атырау облысы кәсіпкерлерге толғағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

• ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

МЕДИАЦИЯ – ЕРІКТІ КЕЛІСІМ

Әкімшілік әділеттің тәжірибеге еніп, ел игілігіне қызмет етіп келе жатқанына үш жылдан асты. Осы аралықта Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің негізгі қағидаларын таныстырып, әкімшілік соттардың жұмысын түсіндіру бағытында республикада ауқымды іс-шаралар қолға алынды. Осындай тоқтаусыз насихат жұмыстарының нәтижесінде жария-құқықтық дауларды қараудағы жаңашылдықтардан жұртшылық жақсы хабардар. Әсіресе, бұл кодекс тараптарды татуластыруға кең мүмкіндік беруімен ерекше.

Әкімшілік әділет институты жария-құқықтық дауларды қараудың ерекше, жанашыл тетіктерінің бірі – дауды татуластыру рәсімдері арқылы реттеуге қадам жасалды.

Жария-құқықтық дауларда татуластыру рәсімін қолданудың артықшылығы көп. Ол ең алдымен қос тараптың да уақыты мен қаржылық ресурсын үнемдеуге көмектеседі. Екіншіден, дауды татуласу арқылы шешу қос тараптың да бет-бейнесін сақтауына, беделіне нұқсан келмеуіне ықпалын тигізеді. Бұл тетік сот жүктемесін азайтып, судьялардың ізденуіне, күрделі істерге көбірек ден қоюына, сол арқылы қателіктерді болдырмауға көмектесетіні тағы бар. Сонымен қатар, бұл рәсім жария билік органдарының жұмыс сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Міне, сондықтан да әкімшілік соттарда тараптарды татуластыруға, татуластырудың тиімді тұстарын насихаттауға көбірек көңіл бөлінеді. Осы мақсатта әкімшілік сот ісін жүргізуші судья процестің барлық сатысында тараптардың татуласуы үшін шараларды қабылдайды, әрі оларға дауды реттеуге жәрдемдеседі.

Бұл жерде тараптар татуласу үшін барлық мүмкіндік ұсынылатынын білгені жөн. Айталық әкімшілік сот ісін жүргізудің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін тараптар татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Оның тәртібі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің

120, 121-баптарында нақтыланған.

Әрине, тараптарды татуласуға мәжбүрлеуге ешкімнің құқығы жоқ. Себебі, медиация – тараптардың ерікті келісімі. ӘРПҚ талаптарына сәйкес татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту мәселесі сот отырысында немесе алдын ала тыңдауда қаралады, нәтижелері бойынша сот осындай келісімді бекіту не одан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарады. Соттың келісімді бекіту туралы ұйғарымында талап қоюды толығымен немесе тиісті бір бөлігінде қайтару туралы көрсетіледі. Қазіргі кезде Алматы қаласындағы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында да татуластырумен түйінделген істер санының көбейіп келе жатқаны қуантады.

Гүлім МҰҚАНОВА, Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

• КӨЗҚАРАС

БАРЫМЫЗДЫ БАҒАЛАЙЫҚ!

Әлемде қанша ұлт болса, сонша тіл бар. Бірақ соның ішінде мемлекеттік мәртебе алғаны санаулы. Қазақ тілі – сол мемлекеттік мәртебесін заңмен айқындаған, ұлтты ұйытып отырған маңызды тілдердің бірі. Яғни, біз мемлекеттік тіл мәртебесін алған екі жүзге тарта халықтың бірі екенімізді мақтан тұтуға тиіспіз.

Өкінішке қарай, әлемде өз ұлты қолданбағандықтан өгейдің күйін кешкен, шағын адамдар тобының ара-қатынас құралы ретінде шектеліп қалған тілдер жеткілікті. Олардың көпшілігі уақыт өте келе өлі тілдер қатарын толтыруда. Алаштың арда ұлы Ахмет Байтұрсынұлы мұны «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп дәл тауып айтқан. Осындай қатердің алдын алу үшін өз жерімізде өз тіліміздің дамуына қолдау көрсету қасиетті борышымыз.

Біздің тіліміз мемлекеттік тіл болып қана қоймай, әлем халқы білетін, елдер арасына алтын көпір болатын маңызды қатынас құралына айналуы тиіс. Басқа ұлттардың қазақ тіліне деген қызығушылығы – өзіміздің тілге деген құрметімізден бастау алады. Сондықтан әрбір адам, әрбір сала мемлекеттік тілді дәрiптeу, мемлекеттік тілдің қолданасын асын кеңейту ісінен шет қалмағаны жөн.

Мәселен, Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында барлық шығыс-кіріс құжаттары мемлекеттік тілде әзірленеді. Сотқа түскен хаттар мен сауалдарға мемлекеттік тілде жауап қайтарылады. Соттағы барлық арыз, шағым үлгілері қазақ тілінде дайындалып, азаматтарға ұсынылып келеді. Бұдан бөлек, мемлекеттік мекемелермен, банк және

қаржы ұйымдарының өкілдерімен жиі жиындар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, талаптарды мемлекеттік тілде беру тәртібі, үлгісі бойынша ақыл-кеңестер айтылады. Сот тарапынан жасалған мұндай шаралар өзге мекеме қызметкерлеріне де үлгі-өнеге болып отыр.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның 4-бабында: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу тілі» деп бекітілген. Одан бөлек, Азаматтық процестік, Қылмыстық-процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерде сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі деп анық көрсетілген. Тек қажеттілік, мәжбүрлік болған кезде ғана орыс тілі қазақ тілімен қатар қолданылады. Заңның осы талабын дұрыс түсініп, тәжірибеде дұрыс қолдану өте өзекті. Яғни, заң бар. Біз тек осы заңнаманың қоғамнан қолдау тауып, тәжірибеде дұрыс қолданылуына ықпал етуге тиіспіз.

Сәуле УТЕПБЕРГЕНОВА, Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

• ПӘРМЕН

Алимент – отбасы мүшелерін қаржылық тұрғыдан қолдаудың тетігі. Мұндай төлемдердің кімдерге тиесілі екені «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» заңында көрсетілген.

Заңға сәйкес, ажырасқан ата-ананың бірі балаларына, ер жеткен балалар қолдауға мұқтаж ата-анасына, сондай-ақ, жағдайы бар зайыбы төлем қабілеті төмен жолдасына алимент төлеп, қамқорлық танытуға міндетті. Алимент төлеуден жалтарғандарға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс пен Қылмыстық кодексте жауаптылық қарастырылған.

Соның ішінде жеке сот орындаушылар өндірісіндегі істердің басым бөлігін кәсіпкерлерге тол-

маған балаларға алимент өндіруге қатысты істер құрайды. Бүгінде ажырасу көп. Ал ажырасудың соңы баланың тұрғылықты жерін анықтау, баламен кездесу уақытын белгілеумен қатар, балаларға алимент тағайындау дауларына ұласады. Кәсіпкерге толмаған баласын асырап бағу, күтіп, тәрбиелеу – ата-ананың борышы. Заңда дәйектелгендей алимент төлеуге міндеттелген ата-ана сот айқындаған соманы ай сайын аударып тұрумен шектелмей, ерекше жағдайларда қо-

АЛИМЕНТ ӨКЕНІ АЛМАСТЫРА АЛМАЙДЫ

сымша шығыстар үшін; балада ауыр сырқат анықталып, мертіккен, бөгде адамдардың көмегіне мұқтаж болған кезде өз еркімен көмек қолын созуы шарт. Алайда, сот актісін қолына алғаннан кейін де тұрғылықты мекенжайын жасырып, тұратын үйін жиі ауыстырып, табысын төмендетіп көрсету арқылы міндетті төлемнен жалтаратындар аз емес. Осындай жауапсыз жандар баласына аударған алиментпен өзінің ата-аналық міндетін орындайды деп ойлайды. Десек те, алимент ешқашан өккені, шешенің орнын алмастыра алмайды.

Алимент өндіру үшін талапкер жұбайының тіркелген жері бойынша сотқа талап арызбен

жүгінуі қажет. Талап-арызға жеке басын куәландыратын құжат және оның көшірмесі; алимент алу құқығын негіздейтін барлық құжаттар мен олардың көшірмелері; неке немесе оның бұзылуы, балалардың тууы, әке болуды анықтау туралы куәліктер қоса тіркеледі. Салық кодексінің 616-бабы, 4-тармағына сәйкес, соттарда алимент өндіріп алу туралы талап-арыздар мемлекеттік баж төлеуден босатылған.

Алимент төлеу сотқа жүгінген сәттен бастап беріледі. Кәсіпкерге толмаған балаларды асырап-бағуға алимент Әділет министрлігі бекіткен тізбеде көрсетілген кірістерден өндіріледі. Соның ішінде жалақы, сыйақы,

авторлық және комиссиялық сыйақы, зейнетақы төлемдерінің, әлеуметтік жәрдемақылардың, сондай-ақ стипендия, бағалы қағаздар бойынша кірістер немесе мүлікті жалға беруден түскен кірістерден алименттік төлем ұсталады.

Алимент төлеу туралы келісім немесе атқару құжаты сот шешімі бойынша жауапкердің жұмыс орнына жіберіледі. Яғни, мұндай кезде борышкердің ай сайынғы жалақысынан қажетті сом алынып, баланың есепшотына аударылады. Ал алименттік төлемді 3 ай ішінде өндіріп алу мүмкін болмаса, онда жауапкерге мәжбүрлеу шараларын қолданылады. Сонымен бірге, заңды та-



Дарин ИСЕНБАЕВ, Алматы облысының жеке сот орындаушысы

лапты орындамағандар әкімшілік айыппұл төлеп, қамқор алына-тынын да ұмытпағаны жөн.

• БІР МҮДДЕ

Елімізде бірлік пен келісімнің киелі бесігіне, тұтастық пен тұрақтылықтың құтты шаңырағына айналған аймақтың бірі – Шымкент қаласы. Жаймашуақ мекеннің халқы еңбекқорлығымен ғана емес, ауыз толтырып айтарлықтай ауызбіршіліктерімен жиі аталады.

ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ МОЛ

Жергілікті тұрғындардың 70,1%-ын – қазақтар, қалғанын түрлі ұлт өкілдері құрағанымен, өзара түсіністігі өте мықты. Олар осынша жыл ішінде бір шаңырақтың астында тату-тәтті, өзара сыйластықта өмір сүріп келеді. Соңғы деректерге сүйенсек, мегаполис қалада жүзден астам этнос өкілдері өмір сүреді. 1 млн 244 мыңға жуық өзге этнос өкілдерінің ішінде өзбек, орыс, әзірбайжан, татар, түрік және басқалар бар.

Олар негізінен Абай, Әл-Фараби, Енбекші, Қаратау аудандарында қоныс тепкен. Негізінен өзбектер Сайрам, Абдулабад, Базарқалпақ, Бозарық, Ескі қала, Жыланбұзған, Забадам, Исфиджаб, Қаратөбе, Қызылжар, Қызылсу, Мирас аудандарында, әзірбайжандар – Қаратөбе, Қарабастау, Қатынкөпір, Мәртөбе, Тассай, Қызылжар, күрдтер – Жыланбұзған, Маятас, Жас дәурен, Тоғыс аумақтарында тығыз қоныстанған. Бұл олардың басқа тұрғындардан бөлініп алғанын білдірмейді, керісінше осы уақыт ішінде жергілікті тұрғындармен олардың тілі де, дәстүрі де біте қайнасып кеткен. Олардың өзара айрандай ұйып, тіл табысуының арқасында ұлттарлық қатығысқа апаратындай ұшыққан жағдайлар кездескен де емес.

Бұл тұтастық пен достық ниетте жергілікті Ассамблея орталықтарында атқарылып жатқан шаралардың оң ықпалы бар екені даусыз. Соның айғағы қазіргі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясы филиалында 17 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Атап айтқанда славян, өзбек, әзірбайжан, түрік, корей, иран, ұйғыр, шешен-ингуш, неміс, грек, грузин, армян, еврей, күрд, татар-башқұрт және аз этностардың басын біріктірген «Ынтымақ» этносаралық мәдени орталығы бүгінде көптеген шараларға мұрындық болып отыр. Олардың барлығы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңның талаптарына сай қоғамдық аккредитациядан өткен. Және олар қоғамдық келісім мен этносаралық татулықты бекемдеу, ықтимал шиеленістік ахуалдың алдын алу бағытында біршама жұмыстар атқарып отыр. Осы орайда еліміздегі қоғамдық келісім мен этносаралық татулықтың негізі болып отырған ассамблея жұмысының маңыздылығын түсінеміз. Мәселен жоғарыда атап өткен этномәдени орталықтар бірлік пен келісімді нығайтуға негізделген 7 кешенді іс-шаралар жоспары аясында жұмыс жасап жатыр.

Сондай-ақ, этносаралық қатынастар саласындағы 5 алгоритмнің жү-

зеге асуы этносаралық негізде болуы мүмкін қатқалықтардың алдын алу мен шешу бойынша шаралар кешенін қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп келеді. Осы орайда Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Нұркен Құрманұлы Шымкентте этносаралық қарым-қатынастар мәселелерінің бүкіл спектрі бойынша жағдайдың дамуына тұрақты және жүйелі түрде бақылауды қамтамасыз ету мақсатында атқарылып жатқан шаралардан хабардар етті.

Этносаралық саладағы қатерлер мен тәуекелдердің алдын алу бойынша ай сайын жабық есік жағдайында жиындар өткізіліп, саладағы өзекті мәселелер қаралуда; тоқсан сайын қалыптасқан этносаралық ахуалды зерделеу мақсатында социологиялық зерттеулер мен этнос өкілдері арасында сарапшылық сауалнама жүргізілуде; «Бейбітшілік және келісім» жобасы аясында этностар тығыз шоғырланған жерлерде тоқсан сайын қоғамдық қабылдаулар өткізілуде; қалалық ҚХА белсенділерінен жасақталған ақпараттық-түсіндіру тобы қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту мақсатында шағын аудандар мен тұрғын алаптарда және білім беру мекемелерінде кездесулер ұйымдастыруда; Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022–2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы мен мемлекеттік этносаясат және Мемлекет басшысының Ассамблеяға берген тапсырмаларын іске асыру мақсатында жоспарлы жұмыстар атқарылуда, – дейді. Осындай кешенді шаралардың арқасында қазіргі таңда қалада ұлттар арасындағы татулық пен бірлік жоғары деңгейде.

Ерсұнкар ӘБІЛДА,
«Заң газеті»

• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК



ШЫМКЕНТ – ИГІ ШАРАЛАРДЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Шымкент қаласында жыл басынан бері этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған 149 қоғамдық-көпшілік іс-шара өткен. Оған 30 мыңнан астам адам жұмылдырылып, оң нәтиже берген.

Талдап айтар болсақ, 1 наурыз – Алғыс айту күні, 22 наурыз – «Армысың, әз-Наурыз!» іс-шарасы, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясының V сессиясы, «Тіл – халықтар достығының дәнекері», «Біз бақытты баламыз» іс-шаралары, «Ел анасы», форумы, «Медиация – татулық тірегі» семинар-тренингі, өзбек этномәдени бірлестігінің «Достық» мерекесі, корей этномәдени бірлестігінің 35 жылдығы, «Қазақ дастарқаны», «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» фестивалдері, этномәдени бірлестіктер жанындағы шығармашылық ұжымдардың концерттері, қайырымдылық шаралары, акциялары, этномәдени бірлестіктер мен қоғамдық құрылымдардың дөңгелек үстелдері мен семинарлар, кездесулер өтті. Сондай-ақ, биыл қала аумағында этносаясат аясында ұйымдастырылатын 12 әлеуметтік жоба іске асырылған. Қазақстанның ең ірі қалаларының бірі ретінде Шымкент көпұлтты құрылым және этносаралық татулықтың үлгісі.

Бүгінде Ассамблея филиалы жанында Ақсақалдар кеңесі, Аналар кеңесі, Медиация кеңесі, Ғылыми-сарапшылық топ, Журналистер мен блогерлер клубы, Кәсіпкерлер қауымдастығы, Ассамблея жастары ұйымы секілді 7 қоғамдық құрылым құрылған. Ассамблея маңайына топтасқан этномәдени бірлестіктер мен мемлекеттік қызметшілердің әлеуеті мемлекеттік саясат аясында көзделген мақсат-міндеттерді іске асыруға жұмылдырылады.

Мәселен, осы қараша айында қалада Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен сала мамандарына арналған үш күндік оқыту семинары және ассамблеяның «Қазақтану» ғылыми-ағартушылық жобасы аясында этнос жасөспірімдерінің қатысуымен «Мың жүйрік» республикалық байқауы өткізіледі деп жоспарланып отыр.

Одан бөлек Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясы тарапынан әзірлеген «Ассамблея. Парламент. Мәслихаттар», «Мемлекеттік тіл – этносаралық қатынас тілі», «Бірлігіміз – әрауандықта», «Жомарт жан», «Ассамблея айнасы», «Біртұтас қоғам: келісім және сенім», «Этномәдени бірлестіктер: реформалардың әлеуметтік базасы», «Салауатты сана», «Адал азамат», «Елдесу және татуласу», «Жаңа толқын», «Тамырлас», «Қазақстан халқы Ассамблеясының академиясы» секілді 13 жобамен жұмыстар жалғасады. Ал Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Шымкент қаласында қоғамдық-көпшілік 24 іс-шара өткізу жоспарланған. Одан бөлек, 17 этномәдени бірлестіктің, 7 қоғамдық құрылымның 2025 жылға арналған жұмыс жоспары желтоқсан айында жаңадан әзірленіп, бекітіледі. Яғни болашақта да Шымкент қаласы этносаралық келісімді нығайту бағытындағы жұмыстарын жалғастыра бермек.

Қуаныш ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

• ЭКОНОМИКА

«РОССЕЛЬХОЗНАДЗОР» САУДАДА ДОСТЫҚ ЖОҒЫН ДӘЛЕЛДЕДІ

2024 жылдың 23 қыркүйегінен бастап Россельхознадзор Қазақстанның астығы мен ауылшаруашылығы өнімдерінің Ресей аумағы арқылы өтуіне біржақты шектеулер енгізді. Атап айтқанда астыққа, дән өнімдеріне, күнбағыс тұқымына, қызанақ, бұрыш және басқа да өнімдерге фитосанитарлық сертификат беру тоқтатылған.

– Халықаралық келісімдер жайына қалды. Нәтижесінде осындай кедергілер біздің елдің ауылшаруашылығы саласына, жалпылай алғанда экономикамызға салмақ салып отыр: Қазақстандық экспорттаушылар үлкен қаржылық шығынға ұшырады; вагондар тоқтап қалды, өнімдерді жеткізу мерзімі өтіп жатыр. Жалпы алғанда келісімшартта көрсетілген міндеттемелер бұзылды. Біздің елдің азаматтары сол үшін айыппұл арқалап, қарайған шығынға батып жатқан жайы бар, – деді Мәжіліс депутаты, Республика партиясы фракциясының жетекшісі Айдарбек Қожаназаров ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектеновке жолдаған депутаттық сауалында.

Оның айтуынша, Россельхознадзордың бұл әрекеті биыл жинадық деп жар салған 25,2 миллион тоннаға жуық астықтың бұзылу қаупін төндіріп отыр. Яғни, сападан ұтыламыз, уақыт жоғалтамыз. Россельхознадзор енгізген шектеулер Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың талаптарын бұзып тұр. Онымен қоймай Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер арасындағы тауарлар мен транзиттің еркін қозғалысының басты принциптеріне қайшы келіп отыр. Сондықтан экономикалық залалды ескере отырып «Respublica» партиясының фракциясы Үкіметке төмендегі мәселелер бойынша тез арада шешім қабылдауды сұрайды:

1. Ресей Федерациясы мен ресми келіссөздерді бастау керек. Қазақстандық өнімнің транзитіне негізсіз фитосанитарлық шектеулер жойылысын. Егер Россельхознадзор бұл талабымыз-



ды орындаудан бас тартса, бұл мәселе Еуразиялық экономикалық одақтың сот алқасында қаралуы қажет;

2. Олай болса біз де қарап отырмайық, тәуелсіз мемлекеттің, өз білігіміз өзімізде. Ендеше Қазақстан арқылы өтетін ресейлік өнімдердің транзитіне тарифтерді қайта қарау керек. Керек болса жоғарыдағы мәселелер шешілгенге дейін көрші елдің тауарларын Қазақстан нарығына кіруге шектеу қою сияқты қарсы шараларды енгізу қажет;

3. Россельхознадзордың әрекеттерінен зардап шеккен қазақстандық экспорттаушылар бар. Өз азаматтарымыздың мүддесін заңмен қорғауды қамтамасыз етуіміз керек. Жетпей

қалған тауарлардың кідірісі мен бұзылуына байланысты шығындарды өтеу үшін ресейлік серіктестерге талап қойылысын;

4. Қазақстандық өнімнің экспорты үшін басқа да логистикалық бағыттарды іске қосымыз керек. Мысалы, Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан, Иран және Түрікменстанның қатысуымен тасымалдауды ұйымдастыру қажет. Керек болса өнім тасымалы үшін субсидия қарастырыңыздар. Бұл Ресейлік транзитке тәуелді болудың жолын кеседі;

5. Қытаймен ынтымақтастықты жандандырып, Қазақстан астығы мен басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін импорттауға арналған квоталарды ұлғайту мәселесін қарау қажет.

Сарапшы пікірі:

Әкбар МӘУЛЕН, ҚР Фермерлер қауымдастығы төрағасының орынбасары:

– Депутаттың көтеріп отырған сұрағы өте орынды. Біз оны қолдаймыз. Өйткені біз Ресей арқылы басқа елдерге кемінде 1,5–2 млн тонна астықты транзит жасаймыз. Енді оған шектеу қойса, бұл нарықтан айырыламыз деген сөз. Бұл шаруаларға да кері әсерін тигізеді. Сондықтан Еуразиялық одақ деңгейінде соттасуға дейін баруға болады. Тексерістер жүргізілуі керек.

Бұл жасырын сауда соғысы сияқты көрініс қой. Біз олардың астығын бізге кіргізуге тыйым салдық. Бұл соған қарсы жасалып отырған әрекет деп түсінуге болады. Сондықтан олар осындай әрекетке барса, біз де сондай жауап қайтаруымыз керек. Өйткені біздің астық экспортындағы Өзбекстан, Қырғызстан, Иран, Ауғанстан сияқты дәстүрлі нарығымыз бар. Енді оны бізден өтетін Ресей астығы жаулап жатыр. Олар Қытайға да кетіп жатыр. Сол себепті өз шаруаларымызды қолдау үшін қарсы шаралар қолдану керек деп есетейміз.

Біздің шаруалар көбінесе өндіруші, трейдер емес. Яғни, трейдер сата алмаса, ол өндірушілерге кері әсер береді. Жаңа нарық іздеу туралы сөз болғанда ең бірінші Қытайдың аты аталады. Алайда олар да өзіне қажет кезең бірақ күнде шекараны жаба салады не қосымша құжаттар талап етеді. Сол себепті жаңа нарық іздеу үшін бидай тасымалдауға субсидия беру мәселесін көтергенде Сауда министрлігі бұл Дүниежүзілік сауда ұйымының талаптарына қайшы келеді дегенді айтты. Мұндай жағдайда Дүниежүзілік сауда ұйымымен де келіссөз жүргізуге болады деп ойлаймын.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• ТҮЙТКІ

БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫГЕЗДІКТІҢ СЕБЕБІ НЕДЕ?

Тәрбиелі ұрпақ – адамгершілік құндылығы, ал тәрбиесіздік – қоғамға дақ түсіріп, намысты таптайды, айналасына залал келтіреді.

Жас жеткіншектердің қатыгездігі, бір-біріне деген аяушылық, жанашырлық сезімнің жоқтығы балаға мейірімнің жетіспеушілігінен басталады. Сондықтан кішкентай кезінен бастап баламен сөйлесіп, өмірдегі дұрыс пен бұрыстың паркын үйретіп, бағыт-бағдар беріп өсіру керек. Баланы жақсы көру баланы киіндіріп, қалаған ойыншығын алып беріп, қарнын тойдырып қою емес. Ол баланы мейірімге бөлеу, досына айналдыру, сырласу, елжанды қылып өсіру.

Бірде үйге электр тоқтарын жөндеу үшін егде жастағы кісі келді. Барлығын жөндеп болғасын, ол кісі маған қарап: «Балаңыз өте тәрбиелі екен, қанша үйге бардым, балалары компьютердің немесе ұялы телефондарының ішіне кіріп кетіп отырады, тіпті амандаспайды, ал сіздің балаңыз жүгіріп келіп, амандасып: «Ата, жығылып қаларсыз» деп, орындықты ұстап тұрды, сосын қасымда тұрып, барлық керек құрал-саймандарымды алып беріп тұрды» – деді. Балама жақсы тілек айтып, алғысын жаудырды. Бұл менің өз баламның тәрбиесіне қатысты көңілімдегі күдікті серпілті.

Баламның мінезі жасаған ісінен, қылығынан көрініп тұрады. Қазір тіпті көшеде кетіп бара жатқанның өзінде кішкентай балалардың аузынан шығатын екі сөздің бірі боқтық.

«Өзек қуа ағады, өзен судың саласы, алыстан сәлем береді, әдепті елдің баласы» дегендей, бала тәрбиесі сәлемдесуден басталады. «Ұлын өссе, ұлы үлгілімен ауылдас бол, қызың өссе, қызы үлгілімен ауылдас бол» деген ата-бабамыз.

«Әдепті бала, ата-анасын мақтатар, Әдепсіз бала, ата-анасын қақсатар» дегендей, көмелетке толмаған баланың жасаған бұзықтығы үшін ата-анасы жауапкершілік алатыны да баланың санасына жеткізген дұрыс.

Г. ХОДЖАБЕКОВА,
Маңғыстау облысы кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы

• ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Сәуле САҚОВА, Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы:

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Біз сот тарапынан азаматтардың сотқа деген сенімін жоғалтпау үшін, арыздарда шамалы кемшіліктер болса, оларды түзетуге мүмкіндік береміз. Сотқа келген істерді талқылауға дайындау барысында бұл мәселелерді түсіндіріп, қажетті өзгерістерді енгізуге қолдау көрсетеміз. Сот жүйесінің басты мақсаты – азаматтарды әуре-сарсаңға салмау, керісінше, оларға заңды талаптарды орындау барысында бағыт-бағдар беру. Осылайша, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға және олардың сотқа деген сенімін нығайтуға ықпал етеміз. Бұл – қоғамның әділдікке қол жеткізуіне және құқықтық мәдениеттің қалыптасуына жасалған маңызды қадам.

– **Азаматтар не үшін заңсыздыққа барады? Тәжірибеңізден түйген тұжырымыңызбен бөлісе отырсыңыз?**

– Азаматтардың заңсыздыққа баруының негізгі себебі – қолданыстағы заңдарды білмеуі және өз құқықтарын толық түсінбеуі. Көп жағдайда адамдар қандай да бір мекемеге немесе Халыққа қызмет көрсету орталығына барып, толық емес немесе дұрыс емес ақпарат алады. Соның салдарынан сотқа жүгініп, заң талаптарын сақтамай жатады.

Сотқа дейінгі тәртіппен шешілуі тиіс мәселелердің бар екені заңда нақты көрсетілген. Бірақ бұл ережелер көпшілікке түсініксіз болып қалады немесе мүлде назардан тыс қалады. Азаматтардың осындай жағдайларда сотқа жүгінуі жиі кездеседі. Біз оларға бұл мәселелерді соттан тыс, сотқа дейін шешу жолдары бар екенін түсіндіріп, қайта бағыттаймыз. Тағы бір байқағаным – кейбір азаматтар «біреу айтты», «солай естідім» деген пікірлерге сүйеніп әрекет етеді. Олар өздерінің құқықтарын нақты заңдар негізінде емес, сырттан естіген ақпаратқа сеніп шешім қабылдайды. Бұл – бізде жиі кездесетін жағдай. Мұндай жағдайда азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру өте маңызды деп есептеймін. Сотта осындай жағдайларға тап болғанда біз азаматтарға заңнаманың нақты талаптарын түсіндіріп, оларды дұрыс жолға бағыттауға тырысамыз. Бұл сот жүйесіне деген сенімді нығайту үшін де қажет. Егер азаматтар заңды түсініп, оны сақтайтын болса, мұндай мәселелердің саны айтарлықтай азаяды деп сенемін.

– **Қазіргі уақытта жиі белең алып отырған онлайн алаяқтық пен дропперлер мәселесі туралы не айта аласыз?**

– Соңғы уақытта онлайн алаяқтықтың қарқыны күшейіп, дропперлер мәселесі жиі кездесуде. Дропперлер – бұл алаяқтар мен жәбірленушілер арасындағы үшінші тұлғалар, олар басқа біреудің ақшасын аударып беру қызметін көрсетіп, арнайы пайыздық үстемақы алады. Алаяқтардың құрбандары оларға қаражат аударып, кейін дропперлерге бұл ақшаны басқа есепшотқа жіберуін сұрайды. Мұндай



жағдайлар онлайн алаяқтықтың жаңа түріне айналып, қазір сотқа осы істер бойынша көптеген шағымдар түсуде. Онлайн алаяқтықтың мұндай түрлері көбінесе адамдардың құқықтық сауатсыздығы мен сақтық шараларын елемейтін туындайды. Сот тәжірибесінде мұндай істер көптеп қаралып жатыр. Қазіргі уақытта мемлекет бұл мәселені шешу үшін қылмыстық заңнамаға, оның ішінде банктік қызмет көрсету нормаларына өзгерістер енгізуде. Егер сотта үкім шыққан жағдайда, осындай мәселелер біртіндеп реттеліп келеді. Сонымен қатар, қазіргі таңда Банкроттық туралы заң жеке тұлғаларға қатысты тиімді түрде іске асырылуда. Бұл заңның басты мақсаты – азаматтардың қарызсыз қоғам құруға ынталандыру. Қарапайым халық заң талаптарына сәйкес келсе, оларды банкрот деп таныту, қаржылық міндеттемелерден босату туралы шешімдер қабылданады. Бұл шаралардың барлығы азаматтардың қаржылық жағдайын тұрақтандыруға және құқықтарын қорғауға бағытталған. Соттың басты мақсаты – мұндай істер бойынша әділдік орнатып қана қоймай, құқықтық мәдениетті дамытуға үлес қосу. Онлайн алаяқтық мәселесі қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі болғандықтан, халықты құқықтық сауаттылыққа шақырып, алаяқтықтан сақтану жолдарын түсіндіру қажет.

– **Азаматтардың қарыз алу, қарыз беру мәселесінен де кей кездері дау туып жатады. Оған қатысты ойыңыз қандай?**

– Өз тәжірибемнен байқағаным, Шымкент қаласы қазақы орта болғандықтан, азаматтар көбінесе ауызекі сөзге сеніп, ресми рәсімдерсіз бір-біріне қарыз ақша береді. Бұған «қазақпыз ғой» деген сөз тіркесі әсер ететінін жиі байқаймыз. Яғни, жақын достарына, туыстарына немесе таныстарына сеніп, ешқандай қолхатсыз, келісім-

шартсыз ақша беру жағдайлары жиі кездеседі. Бірақ, кейін сол қарызды қайтару барысында қиындықтар туындайды. Мұндай мәселелердің негізгі себебі – заң талаптарын елемей немесе құқықтық мәдениеттің төмендігі. Қарыз алушы мен беруші арасында нақты құжаттық негіз болмағандықтан, дау туындаған жағдайда мәселені заңды тұрғыда шешу қиынға соғады. Мұндай жағдайлар тек қаржылық қана емес, моральдық тұрғыдан да азаматтарға ауыртып түсіреді. Олқылықтың алдын алу үшін азаматтарға құқықтық білім беру және түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет деп санаймын. Әр адам өзінің қаржылық мәселелерін заңды түрде реттеп, кез келген қарызды беру немесе алу кезінде келісімшарт жасауға міндетті екенін түсінуі тиіс. Бұл олардың құқықтарын қорғауға және болашақта осындай мәселелерден сақтануға мүмкіндік береді.

Шымкент қаласы қазақы орта болғандықтан, азаматтар көбінесе ауызекі сөзге сеніп, ресми рәсімдерсіз бір-біріне қарыз ақша береді. Бұған «қазақпыз ғой» деген сөз тіркесі әсер ететінін жиі байқаймыз. Яғни, жақын достарына, туыстарына немесе таныстарына сеніп, ешқандай қолхатсыз, келісімшартсыз ақша беру жағдайлары жиі кездеседі. Бірақ, кейін сол қарызды қайтару барысында қиындықтар туындайды. Мұндай мәселелердің негізгі себебі – заң талаптарын елемей немесе құқықтық мәдениеттің төмендігі. Қарыз алушы мен беруші арасында нақты құжаттық негіз болмағандықтан, дау туындаған жағдайда мәселені заңды тұрғыда шешу қиынға соғады.

шартсыз ақша беру жағдайлары жиі кездеседі. Бірақ, кейін сол қарызды қайтару барысында қиындықтар туындайды. Мұндай мәселелердің негізгі себебі – заң талаптарын елемей немесе құқықтық мәдениеттің төмендігі. Қарыз алушы мен беруші арасында нақты құжаттық негіз болмағандықтан, дау туындаған жағдайда мәселені заңды тұрғыда шешу қиынға соғады. Мұндай жағдайлар тек қаржылық қана емес, моральдық тұрғыдан да азаматтарға ауыртып түсіреді. Олқылықтың алдын алу үшін азаматтарға құқықтық білім беру және түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет деп санаймын. Әр адам өзінің қаржылық мәселелерін заңды түрде реттеп, кез келген қарызды беру немесе алу кезінде келісімшарт жасауға міндетті екенін түсінуі тиіс. Бұл олардың құқықтарын қорғауға және болашақта осындай мәселелерден сақтануға мүмкіндік береді.

– **Азаматтардың сотқа жүгінудегі сенімділігін қалай сақтайсыз? Тәжірибеңізден мысал келтіре аласыз ба?**

– Қазіргі уақытта сотқа жүгінетін азаматтардың арасында құқықтық сауаттылығы төмен жағдайлар жиі кездеседі. Өз тәжірибемде қаралып жатқан

татуласу рәсімі арқылы аяқтау туралы ұсыныс береміз. Мұндай тәсіл екі жақтың да сотқа деген сенімін нығайтып, азаматтардың өз құқықтарын қорғауға деген сенімділігін арттырады. Сот процесі – тек құқықтық шешім қабылдайтын орган ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы әділеттілік пен бейбітшілікті сақтаудың маңызды құралы. Сондықтан азаматтардың құқықтарын түсіндіру және сотқа жүгінудің мәдениетін қалыптастыру біздің басты міндетіміздің бірі.

– **Қарызды қайтаруда қандай қиындық туындайды?**

– Иә, жақында қаралған істердің бірі азаматтардың құқықтық сауаттылығының төмендігін айқын көрсетті. Бұл іс қыз бен жігіт арасындағы жеке қарым-қатынастарға және соның салдарынан туындаған қаржылық мәселелерге қатысты болды. Қыз бала жігітпен қарым-қатынаста болған кезінде, оған көмектесу үшін бірнеше несие алып, жігіттің бизнеспен айналысуына қолдау көрсеткен. Сонымен қатар, қыздың өз көлігі болған, оны сатып, түскен ақшаны жігітке берген. Бірақ ақшаны жігітке тікелей емес, оның қол астында жұмыс істейтін басқа қыздың есепшотына аударып, ол ары қарай жігітке жіберген. Осылайша,

барлық қаржылық операциялар ауызша келісімдер арқылы жүзеге асқан, ешқандай ресми құжат немесе жазбаша келісім жасалмаған. Кейін қыз жігіттен осы ақшаны қайтару үшін сотқа жүгінді. Бұл істі қарау барысында тараптардың арасында ешқандай құжаттық дәлелдемелердің жоқтығы негізгі қиындық болды. Дегенмен, бұл жағдайды бітімгершілік жолмен шештік. Медиация арқылы екі тараптың да мүдделерін ескеріп, дауды бейбіт түрде шешуге қол жеткіздік. Мұндай жағдайлар азаматтардың құқықтық сауатының төмен екенін көрсетеді. Қаржылық қатынастарда, тіпті жақын адамдармен болса да, заңды рәсімдерге басымдық беру қажет. Бұл өз құқықтарыңды қорғауға және кейіннен осындай қиын жағдайлардан аулақ болуға мүмкіндік береді.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, адамдар қаржылық міндеттемелер мен келісімдерді жазбаша түрде бекітудің маңыздылығын әлі толық түсінбей жатады. Осындай істерде біз тек заңды шешім қабылдап қана қоймай, халықтың құқықтық сауатын арттыру үшін түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Бұл азаматтардың құқықтық мәдениетін дамытуға және болашақта осындай жағдайлардың алдын алуға ықпал етеді.

– **Заңға бағыну мен құқықтық сауаттылықтың маңызы неде?**

– Заңға бағыну және тәртіпті сақтау – ҚР Конституциясында бекітілген басты қағидаттардың бірі. Конституциямызда көрсетілгендей, заң мен соттың алдында жұрттың бәрі тең. Заңды сыйлау мен тәртіпке бағыну – қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, елдің болашағын айқындайтын маңызды негіз. Егер азаматтар заңды сақтаса, бұл тек мемлекеттің ғана емес, сонымен бірге аймақтар мен қалалардың да қарқынды дамуына ықпал етеді. Заңды білмеу ешкімді жауапкершіліктен босатпайды. Бұл қағидатты әрбір азамат түсінуі керек. Сондықтан құқықтық сауаттылықты арттыруды мектеп кезінен бастап енгізу маңызды. Кейбір аудандарда бұл бастама қолға алынып, оқушыларға заңның маңыздылығы мен оған бағынудың қажеттілігі туралы білім беріле бастады. Бұл болашақ ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Сот тәжірибесінде кездесетін негізгі қиындықтардың бірі – халықтың құқықтық сауаттылығының төмендігі. Көптеген азаматтар өздерінің құқықтары бұзылған жағдайда қандай шаралар қабылдау керектігін, талап-арызды қалай дұрыс жазу керектігін немесе сотқа дейінгі кезеңде қандай әрекеттер жасау керектігін білмейді. Мысалы, азаматтық процессуалдық кодексті талаптарына сәйкес келмейтін арыздар сотқа келіп түседі, бұл істерді қарауда қиындықтар туғызады. Мұндай жағдайларда сот қарапайым халыққа құқықтарын түсіндіріп, іс жүргізу барысында заңды дұрыс қолдануға бағыт береді. Айта кету керек, соттардың міндеті – заңдық кеңес беру емес. Дегенмен, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында соттар жергілікті атқарушы органдармен, салық органдарымен және әкімдіктермен бірлесіп ашық дөңгелек үстелдер, кеңестер және түсіндіру шараларын өткізіп тұрады. Мәселен, банкроттық мәселелері бойынша салық органдарымен бірлескен іс-шаралар жиі өткізіліп, халыққа заң нормалары түсіндіріледі. Мұндай шаралар азаматтардың құқықтық мәдениетін арттырып, заңға құрметін күшейтуге бағытталған.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

• БАҒДАР

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ – КӨПШІЛІК ҚАЛАУЫ

Кассациялық соттарды құру мәселесі сот саласында ғана емес, қоғамда да талқыланды. Бастама Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кассациялық сотты қалыптастыру жөніндегі тапсырмасынан кейін іске асырыла бастады.

2025 жылдың 1 шілдесінен бастап Астанада апелляциялық және қайта қараудың бірыңғай қағидалары бар азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша үш дербес кассациялық сот жұ-

мыс істейді. Ең бастысы, бұл кассациялық орган толығымен тәуелсіз. Өз кезегінде, тәуелсіз кассациялық сот құру сот төрелігінің сапасын және азаматтардың жалпы соттарға деген сенім деңгейін артты-

руға ықпал етеді. Олардың негізгі міндеті – әділеттілікті қамтамасыз ету, қателіктер мен бұзушылықтардың алдын алу және апелляциялық соттардың шешімдерін қайта қарау мүмкіндігін ұсыну.

Жоғарғы Соттың Сот әкімшілігінің басшылығымен «Дербес кассациялық соттар құру жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітілді, сондай-ақ атқару жұмыстары басталды.

Кассациялық соттардың негізгі міндеті – сот шешімдерінің заңдылығын тексеру. Олар апелляциялық сот шешімдерінің заңды тұрғыдан бағалануын және заң талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді. Бұл жаңа инстанция қателіктерді түзетуге және заңнаманың біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл реформа әділ сот жүйесін нығайтуға және азамат-



Аида ӘЖМАДИН,
Ақтөбе қаласы
№2 сотының бас маманы,
сот отырысының хатшысы

тардың құқықтарын қорғауды жақсартуға көмектесетініне сенімдімін. Кассациялық соттар сот жүйесінде жаңа деңгей ретінде әрекет етеді, сот актілерін қайта қарауға және құқықтық қадағалауды күшейтуге жол ашады.

Қазақстанда енгізіліп жатқан кассациялық соттар – бұл сот жүйесін жаңғыртудың жаңа сатысы. Бұдан басқа, кассациялық соттарды құру Қазақстанның сот жүйесін одан әрі дамыту, сот шешімдерінің сапасын арттыру және азаматтардың құқықтарын қорғау жолындағы маңызды қадам.

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СУДЬЯ КӨМЕКШІСІ – КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КЕПІМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сот реформаларының басты бір бағыты ретінде көптен бері көтеріліп, бастама ретінде талқыланып жүрген **судьялар көмекшісі институтын енгізу** мәселесі ерекше назар аударуға тұрарлық.

Судьялардың жұмысы өте күрделі және жауапты. Олар күнделікті ауқымды іс материалдарын зерттеп, заңнамаларды талдап, әділ шешімдер қабылдауы қажет. Сонымен қатар, жұмыс жүктемесінің шамадан тыс көп болуы салдарынан судьялардың кешке дейін жұмыс орынында болып, түннің бір уағына дейін қалып қоятын кездері жиі кездеседі. Бұл жұмыс сапасына кері әсер етері сөзсіз. Дәл осы жағдайды шешу мақсатында **судьяларға көмекші тағайындау** ұзақ жылдар бойы талқыланып, бірнеше рет бастама ретінде көтерілген болатын.

Дегенмен, бұл өзекті мәселе талай рет көтерілгенімен, әлі күнге дейін шешімін тапқан жоқ. Бұл жағдайдың ұзаққа созылуына түрлі себеп бар. Біріншіден, заңнамалық тұрғыдан жан-жақты қамтуды және ұйымдастыру саласында қажетті реформаларды жүзеге асыруды талап етеді. Екіншіден, бюджеттік және кадрлық түйткілдер де өз әсерін тигізіп отыр. Көптеген судьялар көмекшінің болуы сот процесінің сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады деп есептесе де, жоғарыда атап өткендей, бұл түйін әлі күнге дейін толық шешімін таппай келеді. Аталған жайт өз шешімін табатын болса, сот жүйесіндегі жұмыстың сапасы жақсарып, халықтың сотқа деген сенімінің артуына септігі тиер еді. Бұл өз кезегінде, олардың басты міндетіне – сот төрелігін әділ әрі сапалы жүзеге асыру қызметіне толықтай назар аударуына жол ашады.

Судья көмекшісі – заң саласында жоғары білімі бар, білікті маман. Ол судьяның күнделікті жұмысында құжаттарды дайындау, заңнамаларды талдау және іс материалдарын зерттеуге көмектеседі. Мұндай көмек судьяның сот істерін карауға кететін уақытын үнемдеп, сот шешімдерін қабылдау барысында тереңірек талдау жүргізуіне мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда судьяға көмекші беру мәселесін талқылағанда, көпшілігі «судья көмекшісі қазірдің өзінде бар ғой» деп сот хатшыларын мензеп жатады. Алайда, бұл екі лауазымның міндеттері мен функциялары



Досжан ƏМІР
ҚР Жоғарғы Сотының
судьясы, ҚР Судьялар
одағының төрағасы

түбегейлі ерекшеленеді. Сот хатшысы судьяның көмекшісі ретінде қарастырылмайды, өйткені оның өзіне тиесілі қызметтік міндеттері көп және күрделі.

Сот хатшысының жұмысы негізінен сот процесінің ұйымдастыруға және әкімшілік міндеттерді атқаруға бағытталған. Ол сот процесінің заң талаптарына сай өтуін қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Сот хатшысының негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

Сотқа қатысушыларды шақыру: істерге қатысушы тараптарды сот отырысының уақыты мен орны туралы дер кезінде хабардар ету.

Сот процесінің ұйымдастыру: сот залын дайындау, қажетті құжаттарды қамтамасыз ету, процесі рәсімдеуге қажетті техникалық құралдарды әзірлеу.

Сот хаттамасын дайындау: әрбір сот отырысы бойынша берілген өтінішхаттарды көрсете отырып, электронды форматта хаттама жүргізу.

Ілеспе хаттар мен телефонограммалар жіберу: сот қаулылары мен шешімдерін тараптарға жеткізу үшін тиісті құжаттарды рәсімдеу және жіберу.

титутын енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Әрбір бастаманы көтерген кезде міндетті түрде тарихқа үңілу қажет. Өйткені, тарихты тану арқылы болашаққа нық сеніммен карауға болады. Бұл тұста судьяларға көмекшілер тағайындау мәселесіне қатысты сәл тарихқа үңілсек, оның маңызды кезеңдерін байқаймыз.

Ертеректе, қазақ қоғамында би-шешендер әділ төреліктің, сөз өнерінің және даналықтың символы болған, былайша айтқанда бүгінгі судьяның қызметін атқарған. Олар халықтың қамын ойлап, дау-дамайларды әділ шешкен беделді тұлғалар еді. Алайда, бұл жауапкершілікті атқару үшін би-шешендерге көмекшілері, сенімді серіктері қажет болды. Бұл жерде көмекшілердің рөлі өте елеулі болған және олар би-шешендердің тәлімгерлік жолында ерекше орын алған. Би-шешендердің көмекшілері – өз ұстаздарының сенімді серігі, көмекшісі әрі шәкірті болды. Олар би-шешеннің жанында жүріп, өмірлік тәжірибені, билік өнерін, шешендік шеберлікті меңгеруге ұмтылған.

Көмекшілердің міндеттері келесідей болды:

Жиналыстар мен дауларға қатысу: көмекшілер би-шешендермен бірге сот үдерістеріне, халық жиналыстарына қатысып, елдің жағдайын, мәселелерін түсінуге тырысқан. Бұл олардың білімін тереңдетуге және тәжірибе жинауға ықпал етті.

Ақпарат жинау және талдау: би-шешендер ел ішіндегі дау-дамайларды әділ шешу

леу сияқты шешендік өнердің кыр-сырын үйреткен.

Әділдік пен адалдық: би-шешендер көмекшілерін әділдік пен адалдыққа тәрбиелеген, себебі олар болашақта елдің тағдырын шешетін тұлғаларға айналуы мүмкін еді.

Төзімділік пен сабырлылық: ел ішіндегі күрделі мәселелерді шешу үшін төзімділік пен сабырлылық қажет болды. Көмекшілерге бұл қасиеттерді сіңіру би-шешендердің басты міндеттерінің бірі.

Би-шешендердің **көмекшілері** қазақ қоғамында тәлімгерлік институтының ажырамас бөлігі болды. Көмекшілердің тәрбиесі би-шешендер мектебінің үзілмеуін қамтамасыз етіп, ұлттың рухани мұрасын сақтап қалуға әсер етті.

Бүгінгі күні би-шешендердің және олардың көмекшілерінің тағылымы жастар тәрбиесінде қолдануға тұрарлық бағалы мұра болып табылады, өйткені судьялардың жұмысы да сол секілді әділдік пен жауапкершілікті талап ететін күрделі міндеттерді қамтиды. Қазіргі кезде де көмекшілер алу арқылы, біз жақсы, білікті мамандарды тәрбиелеп шығуымыз керек.

Сондықтан да, судьяларға көмекші институтын енгізу – сот жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған негізгі қадам болмақ. Бұл, біріншіден, сот ісін жүргізу үдерісін оңтайландыруға, екіншіден, соттардың жұмыс жүктемесін төңгеруге және ең бастысы, сот төрелігін әділ әрі ашық жүргізуге ықпал етеді. Сонымен қатар, мұндай бастама сот жүйесіндегі кадрлық резервті қалыптастыруға және жас заңгерлерді кәсіби тұрғыда даярлауға зор үлес қосады. Жас мамандар көмекші ретінде қызмет атқару арқылы сот ісін жүргізудің кыр-сырын меңгеріп, болашақта тәжірибелі судьяларға айналу мүмкіндігіне ие болады. Бұл өз кезегінде елдің болашағына жарқын үлес қосуға жол ашады.

Судья көмекшісінің мәні мен қызметіне тоқталатын болсақ, көмекші бұл судьяның кәсіби қызметінде қажетті қолдау көрсететін маман болады. Оның негізгі міндеттеріне келесілерді жатқызыамыз:

Іс материалдарын дайындау: көмекші судьяның қарауына түсетін істерді талдап, керекті материалдарды жинап, процессуалдық құжаттарды алдын ала әзірлейді.

Құқықтық зерттеулер жүргізу: судьяларға шешім қабылдау кезінде тиісті заңнамалық және нормативтік актілер бойынша құқықтық талдау жасайды.

Сот құжаттарын рәсімдеуде қажетті көмек көрсетеді. Сонымен қатар қаралып жатқан іс бойынша дұрыс шешім қабылданыуына қолғабыс етеді. Бұл судьялардың тек қана негізгі кәсіби міндеттеріне көңіл бөлуіне мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибеге ден қойсақ, көптеген елдерде судья көмекшісі институты бұрыннан бері қалыптасқан.

Мысалы:

АҚШ. Сот көмекшілері (law clerks) сот жүйесінде маңызды рөл атқарады. Олар көбінесе сот отырысына дайындық барысында судьяларға көмек көрсетеді, заңгерлік зерттеулер жүргізеді және шешімдер бойынша ұсыныстар жасайды. АҚШ-та сот көмекшілері көбінесе заң университетін жаңа бітірген мамандар болып табылады және олар судьялар үшін кеңесші ретінде қызмет атқарады.

Германия. Бұл елде сот көмекшілері (Rechtsreferendare) заңгерлік білім алған, бірақ тәжірибеден өтуші тұлғалар ретінде жұмыс істейді. Олар сот процесіне тікелей қатысады, іс материалдарын зерттейді және судьяларға сот үкімін дайындауда көмектеседі.

Франция. Мұнда сот көмекшілері (assistants de justice) соттарды әкімшілік және заңнамалық қолдаумен қамтамасыз етеді. Францияда көмекшілер заң саласында білім алып жатқан немесе жаңа бітірген жас мамандар болуы мүмкін. Олар істің материалдарын талдап, қорытындылар әзірлейді.

Ұлыбритания. Сот көмекшілері (judicial assistants) судьяларға заңнамалық зерттеулер жүргізу, сот істерін талдау және сот шешімдерін даярлауға көмектеседі. Олар сот процесінің әртүрлі сатыларында судьяларға қолдау көрсетеді.

Әсіресе, Германияда және Францияда судья көмекшілері сот жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл елдерде көмекшілердің арқасында соттардың жүктемесі едәуір төмендеп, процестердің тиімділігі артты. Аталған елдердің тәжірибесі біз үшін де үлгі боларлық.

Сонымен судьяға көмекші институтын енгізсек:

Судьялардың жұмыс жүктемесі азаяды;

Сот процесінің тиімділігі артады;

Істердің сапалы әрі жылдам қаралуы қамтамасыз етіледі;

Әділдік пен ашықтық қағидаларын сақтауға септігі тигізеді;

Жас заңгерлердің тәжірибе жинақтауына мүмкіндік береді;

Болашақ судьялар резервін қалыптастырып, бүгінгі күнгі 10-15% судьялар тапшылығын шешеді.

Ұсыныстарымыз:

Қазақстан Республикасында судьялар көмекшісі институтын енгізу маңызды қадам болып табылады. Бұл жүйені әсіресе жүктемесі көп соттар мен еліміздің маңызы бар, ірі қалаларында қолдану қажет.

Көмекшілердің мәртебесін нығайту үшін заңнамалық өзгерістер енгізу керек.

Бұл ұсыныстарды жүзеге асыру Қазақстанның сот жүйесін жетілдіріп, әділеттілік принциптерін одан әрі нығайтуға ықпал етеді. Судья көмекшілері сот төрелігін асыруда қолдау көрсетіп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда өз үлесін қосады деп сенеміз.

• ОҢ КАДАМ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ СЕРВИСТЕРДІҢ АУҚЫМЫН КЕҢЕЙТУГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛУДЕ

Сот әкімшілігі – сот жұмысының дұрыс ұйымдастырылуына, сапалы атқарылуына жауап беретін үлкен құрылым. Сот төрелігінің тиімді жұмыс істеуі сот әкімшілігінің өзіне жүктелген маңызды міндеттерді талапқа сай орындауына тікелей байланысты.

Сот әкімшілігінің негізгі қызметі судьялардың істерді өз мерзімінде қарап, процеске қатысушылардың сотқа уақытылы келуін, ортақ тәртіпке бағынуын, қауіпсіздікті сақтауын қамтамасыз ету болып табылады. Сот істерінің уақытылы қаралуы – әділ сот

төрелігін қамтамасыз етудің маңызды бөлігі. Сондай-ақ сот әкімшілігі сот актілерінің мерзімінде шығарылуын қамтамасыз ету, осы актілердің сапалы орындалуын да назардан тыс қалдырмайды. Сот істерінің орындалуы – сотқа деген сенімді қалыптастырудың кепілі

болғандықтан, бұл мәселеге көңіл аудару аса өзекті.

Жұмыс барысында сот қызметін цифрландыруға, электрондық сервистердің қызмет ауқымын кеңейтуге де басымдық беріліп келеді. Сандық технология сот әкімшілігінің де, қарапайым азаматтардың да сотқа жүгіну тетіктерін оңтайландырғаны шындық. Бұл технологиялар сот процесін бастапқы сәттен соңғы шешімге дейін толық автоматтандыруға мүмкіндік беріп отыр. Нәтижесінде, сот төрелігі-



Нұрхан ƏБДİKƏRİM,
Сырдария аудандық соты
әкімшісінің басшысы

не қол жеткізу бұрынғыдан да жылдам, ашық әрі тиімді бола түсті. Қазір сотқа талап арыз берумен қатар, жолдаған арызының қозғалысын бақылап отыру, сот құжаттарына сұрау салу мен оларды қағазға шығарып алу да қашықтан

жүргізіледі. Мұндай қызметтерге қол жеткізу үшін қазір сотқа арнайы келудің қажеті жоқ. Онлайн тапсырыс беру соттың ғана жұмысын жеңілдетіп қоймай, азаматтардың да әуре-сарсанын азайтты.

Ал шетелде жүрсен де, басқа қалада болсаң да сот отырысына онлайн қатысуға мүмкіндіктің берілуі сот тарапынан жүзеге асырылған көп жылғы еңбектің нәтижесі. Бұл, әсіресе, адвокаттардың, шалғай ауылда тұратын сот куәгерлерінің көңілінен шығуда.

Сот әкімшілігі салаға жас, талапты мамандарды тартып, олардың қабілет-қарымын арттыруға, біліктілігін көтеруге ұдайы көңіл бөліп келеді. Сонымен бірге, салада еңбек етіп жүрген қызметкерлердің тәжірибесін жетілдіруге бағытталған семинар, тренингтер үзбей өтеді. Мұндай шаралар саладағы кемшіліктерді дер кезінде анықтап, жетістіктерді әрі қарай жалғастыруға септігін тигізуде.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ

Мемлекеттің даму жолындағы аса басым бағыттарының бірі елді әлеуметтік-экономикалық дамыту десек қателеспейміз. Әсіресе, халықтың тұрмыстық ахуалын жақсарту, білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау сияқты халықтың хал-ахуалын жақсартатын әлеуметтік нысандар құрылысын көбейту аса маңызды мәселелердің бірі екені даусыз.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ҚҰРЫЛЫСЫ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

Бұл орайда Шымкент қаласында да соңғы жылдары әлеуметтік бағытта салынған құрылыстардың қарқыны аса ауқымды түрде жүргізіліп жатқанын атап өткен жөн. Әсіресе, халықтың саны жылдан-жылға көбейіп келе жатқан елді мекендер мен шағын аудандарда мектеп пен балабақша сияқты аса қажетті ғимараттардың құрылысы көбейіп, жобалардың іс жүзінде пайдалануға беріліп жатқаны да қуантады.

Шаһарда тек соңғы жылдардың өзінде бірнеше білім беру ошақтарының құрылыстары жоспарланып, кейбірі аяқталып пайдалануға тапсырылып та жатыр. Оның ішінде қазіргі уақытта жеті бірдей құрылыс жаңадан жүргізіліп жатқанын атап өткен жөн. Мәселен, Шымкент қаласының №39 және №50 орта мектептеріне бала саны артқандықтан қосымша ғимараттардың құрылысы басталған. Сонымен қатар, Тельман елді мекенінде 1200 орындық, Тұран шағын ауданында 500 орындық екі бірдей оқушылар сарайы, Сайрам шағын ауданында №10 колледжде 300 орындық қосымша ғимарат, №2 мектеп-интернатта 40 орындық қосымша құрылыс жұмысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Мұнымен қоса қуырлы басқарманың мәліметінше бес бірдей нысан күрделі жөндеуден өткізілмек.

Қалалық білім басқармасы мен тапсырыс беруші орган және жергілікті атқарушы биліктің құрылыс нысандарының қазығы қағылған күннен бастап тиісті түрде бақылау жүргізуінің арқасында әлеуметтік нысандардағы төрт-үш биылғы жылдың соңына дейін пайдалануға беру жоспарланыпты. Қалған үш нысан атап айтқанда №50 мектептің қосымша ғимараты, Тельмандағы 1200 орындық мектеп және С.Рахимов атындағы мектептің құрылысын келер жылы аяқтау көзделген. Сонымен қатар, 4200 орынға шақталған 12 білім беру нысандарының жобалық-сметалық құжаттамалары сақадай сай.

Бұдан бөлек еліміздегі әлеуметтік нысандар құрылысын көбейту мақсатында жүзеге асырылып жатқан Ұлттық жоба аясында 28 мың орынға



шақталған тағы 18 мектептің құрылысы жүзеге асырылып жатыр. Мұның ішінде 11 мектептің құрылысы биыл және тағы жеті мектептің құрылысын келер жылы аяқтау жоспарланған.

Жергілікті атқарушы органдардың мәліметінше әлеуметтік нысандар мәдениет саласында да аса қарқынды жүргізіліп жатыр. Мәселен, халықтың мәдени демалысын ұйымдастыру мақсатында Шымкент қаласы айналасындағы Өтеміс, Базарқакпа, Көкбұлақ және Қайнарбұлақ елді мекендерінде айнадай жарқыраған мәдениет үйлерінің құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталып, халықтың игілігіне берілген. Бәйдібек би ғимаратын жоба жоқпарына сәйкес салу келесі жылға көзделіпті.

Қуырлы сала басқармаларының дерегінше мегаполисте сонымен қатар соңғы үлгідегі заман талабына сай опера және балет театрының жобалау-сметалық құжаттамасы да әзірленіп жатыр.

Елімізде бұқаралық спортты дамыту мақсатында жүргізіліп жатқан мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде спорттық нысандардың құрылысын салу және күрделі жөндеуден өткізу бағытындағы жұмыстар да оң шешімін таба бастағаны байқалады. Әсіресе, ертеңгі ел тізгінін ұстар ұрпақтың са-

лауатты өмір салтымен өмір сүруіне мүмкіндік туғызу үшін әрі спортқа бейімділігі жоғары талантты балаларды тарту мақсатында спорттық мектептердің құрылысын салу ерекше назарға алынған. Мәселен, шаһарда №12 және №15 спорт мектептерінің құрылысының қарқынды түрде жүргізіліп жатқаны осының нақты айғағы.

Мұнымен қоса Тұран шағын ауданында аумағы 5 гектардан астам жер

рылып, жұмыс қарқынды түрде қолға алынғанын атап өткен жөн.

Шаһар әкімдігінің мәліметінше мегаполис аумағында жақында үш бірдей әлеуметтік қамтамасыз ету нысандарының құрылысын жүзеге асыру жоспарланған. Атап айтқанда №1 арнаулы қызмет көрсету орталығы тарлық еткендіктен қосымша 50 орындық ғимарат салынбақ. Мұнымен қоса №6 балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы мен Шымкент қаласындағы мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған 150 орындық оңалту орталығы күрделі жөндеуден өткізіледі. Қуырлы сала өкілдері аталған ғимараттағы құрылыс жұмыстарын келер жылы аяқтау көзделген.

дел құтқару кешені мен жедел қызмет көрсету орталығы құрылысын бастауға арналған жобалық құжаттамалар сақадай сай. Ал Ынтымақ, Базарқакпа, Шымсити, Ақжар шағын аудандарында орын тебетін жедел қызмет көрсету орталықтары құрылысының құжаттары әзірлену үстінде.

Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қорғаныс саласы нысандарының салынуы аса маңызды екені рас. Бұл орайда Шымқалада жыл санап оңынан шешіліп жатқан шаруалар аз емес. Мәселен, қаладағы сарбаздар орналасқан ғимаратты реконструкциялау жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Нысан жыл соңына дейін пайдалануға берілмек. Сондай-ақ Шаян ауылында



Бұдан бөлек шаһарда әлеуметтік оңалту саласын жақсарту мақсатында 100 орындық «Мейірім» оңалту орталығының құрылысын салу мақсатында жобалық-сметалық құжаттамалар әзірлене бастағанын атап өткен жөн.

Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығының да алар орны ерекше. Сондықтан шаһар аумағындағы елді мекендерде ауыл шаруашылық нысандары мен өнімдерді қайта өңдеу және оларды дер кезінде жеткізу мақсатында инфрақұрылымдық жағдайға назар аударыла бастаған.

Халықтың материалдық игіліктерінің сақталуы әрі түрлі тілсіз жаудан қорғау үшін төтенше жағдай нысандарының болуы да аса маңызды. Аталған мақсатта шаһар бюджетінен төтенше жағдайларға дер кезінде әрекет ету үшін жеті бірдей нысан құрылысын салу жоспарланған. Олардың ішінде Сайрам шағын ауданындағы төрт көлік еркін сиятын өрт сөндіру депосының құрылысы аяқталып пайдалануға берілгенін атап өткен жөн. Ал қалған алты нысанның құрылысын келер жылы аяқтау көзделіпті.

Сала өкілдерінің мәліметінше мұнымен қоса Қайнарбұлақ елді мекені мен Таскен шағын аудандарында же-

басқару бекетінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

Әлеуметтік нысандардың ішінде денсаулық сақтау нысандарының да құрылысы жүріп жатқанын атап өткен жөн. Мәселен, шаһардағы қан орталығы ғимаратына қосымша ғимарат салыну көзделген. Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп қойған. Сондай-ақ қалада туу көрсеткіші жыл санап артып келе жатқандықтан Ақжайық шағын ауданында 200 төсек орынға арналған перинаталдық орталық пен Алдияров көшесіндегі перзентханада қосымша корпус салу құрылыстарының жобалық құжаттамалары әзірлену үстінде.

Шаһарда мемлекеттік органдар құрылысын салу да жіті назарда. Тек биылғы жылдың өзінде төрт бірдей мемлекеттік орган нысандарының құрылысының жоспарлануы осының нақты айғағы.

Жергілікті атқарушы органдар алдағы уақытта халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған құрылыс жұмыстарының дер уақытында әрі сапалы түрде орындалатынына сенімді.

Майра ҚУАНЫШҚЫЗЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ҚАДАҒАЛАУ

Шымкент қаласындағы өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында «Жылыту маусымындағы қауіпсіздік шаралары» тақырыбында өткен баспасөз конференциясында Шымкент қаласы ТЖД бастығының орынбасары Еркін Отарғалымұлы 2024 жылғы 21 және 22 қараша аралығында елімізде «Қыс – 2024» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткенін мәлімдеді. Бұл оқу-жаттығу азаматтық қорғау қызметтері мен құрылымдарының қысқы кезеңдегі ықтимал төтенше жағдайларды жоюға дайындығын тексеру және одан әрі жетілдіру мақсатына бағытталды.

– Оқу-жаттығу барысында Шымкент қаласында практикалық іс-шаралар өткізіліп, іс-қимылдар пысықталды. Атап айтқанда, 21 қараша күні сағат 11.00-де қала аумағында электр дабылдарын іске қосумен құлақтандыру жүйесіне техникалық тексеру жүргізілді. Бұл іс-шараның мақсаты – «Баршаның назарына!» бірыңғай ескерту сигналына әрекет ету тәртібін халыққа жеткізу, – деді Еркін Отарғалымұлы.

Аталған баспасөз конференциясында ТЖД бастығының орынбасары 2024–2025 жылдардағы жылыту маусымына дайындық, яғни өрт-тактикалық сабақтар әлеуметтік нысандарда өткізілетінін атап өтті.

Көктемгі жаңбыр салдарынан Шымкент қаласында зардап шеккен екі жеке тұрғын үйдің жылу беру маусымына дайындығы тексерілді. Тұрғын үйлерге үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, жылыту маусымында өрт қауіпсіздігін сақтау шаралары туралы ақпараттар

берілді. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін кешенді үгіт-насихат іс-шараларының жоспары дайындалып, осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

2024–2025 жылдардағы жылу беру кезеңінде тұрғын үй секторларында өрттер мен улы газдан болатын қайтыс болу оқиғаларының алдын алу үшін арнайы жоспар құрылды. Жоспар бойынша, алкогольдік ішімдіктер бойынша есепке алынған адамдардың тізімі жасқалды, үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Ләз экрандарда «Өрт қауіпсіздігі талаптары» және «Улы газдан уланудың алдын алу» тақырыптарында бейнемаатериалдар да көрсетілді.

Сонымен қатар, Еркін Отарғалымұлы Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаменті алдағы уақытта өрт профилактикалық жұмыстарды тұрақты түрде жалғастыратынын тілге тиек етті.

Тағы бір атап өтер жайт, Шымкент қаласында 2024–2025

ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ – БАРШАҒА МІНДЕТ



жылғы жылыту маусымында төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында ауқымды жұмыстар қарқын алды. Төтенше жағдайлар департаменті тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жүйелі түрде ақпараттық, профилактикалық және техникалық іс-шаралар жүргізуде. Маусымның басынан бері 54 мыңнан астам адам қауіпсіздік шаралары туралы ақпаратпен қамтылып, әлеуметтік осал топтарға ерекше көңіл бөлінді. Әлеуметтік желілерде 200-ден астам пост жарияланып, тұрғындарға қауіпсіздік шаралары түсіндірілді. Бұқаралық ақпарат құралдарында 123 материал жарық көрді, оның ішінде 37 мақа-

ла газет бетінде жарияланды, 23 телехабар, 63 радио хабарлама таратылды. Ал қаланың шағын аудандарында 185 рет дауыс зорайтқышымен түсіндірме ақпараттық хабарлама жасалды. Сондай-ақ, 25 848 тұрғын үйлерді аралап, тұрғын үй егелеріне түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 68 интерактивті сабақ өткізіліп, 2000-нан астам оқушы қауіпсіздік негіздерін меңгерді. Қоғамдық орындар мен шағын аудандарда 82 іс-шара ұйымдастырылып, оған 3 мыңға жуық адам қатысты. Қаладағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен газдандыру жүргізілмеген тұрғын үйлерге ерекше көңіл бөлінді. Атап өтер бол-

сақ, 136 үйге газанықтағыш құрылғылар орнатылды, бұл улы газдың әсерін анықтап, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлкен мүмкіндік береді. Ал 193 үйдің түтін мұржалары тазаланды, пешті дұрыс қолдану арқылы төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған шара болатын.

Мегаполис аумағында 2024–2025 жылдардағы жылыту маусымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары күшейтілетін болады. Оқыс оқиғалар мен төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Қаладағы табиғи газға қосылмаған және пропан газ

баллондарын қолданатын 22 жатақханаға толығымен тексеру жүргізілді. Одан бөлек, 13 мыңнан астам қатты отынмен жылытылатын тұрғын үй тексеріліп, қауіпсіздік талаптарының сақталуына бақылау жасалды. Пеш мұржаларын тазарту, ақаулы құрылғыларды ауыстыру және қауіпсіздікті пайдалану ережелерін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жылыту маусымы – өрттің туындау себептері әдеттегіге қарағанда анағұрлым көп болатын кезең. Ол пештер, қолдан жасалған жылыту электр аспаптары мен басқа да от жағу қондырғыларын дұрыс пайдаланбау себеп болуы мүмкін. Өрт шыққан жағдайда, ең алдымен «101» номерін теріп, азаматтық қорғау қызметін шақырыңыз. Өз мекен-жайыңызды дұрыс жеткізіп, өртеніп жатқан жерді сипаттап беріңіз. Өрт сөндірушілер келгенше, өрт көзін жабуға әрекет жасаңыз. Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары! ТЖД жүргізіп жатқан түсіндірме жұмыстарына назар аударыңыздар, – деді Шымкент қаласы ТЖД бастығының орынбасары Еркін Отарғалымұлы.

Жылыту маусымындағы қауіпсіздік шараларының алдын алу мекемесі осылай қала тұрғындарымен жүйелі түрде жұмыс жасауда. Қауіпсіздік бәрімізге ортақ. Қарапайым халықтың да осы мәселеге аса жауапты қарағаны маңызды.

Раушан НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

• КӨЗҚАРАС

ТАТУЛЫҚ – ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

Татулық – қоғамның негізі, халықтың рухын көтеретін, мемлекетіміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басты фактор.

Қазақстанның көпұлтты құрылымы, мәдени әртүрлілігі татулықтың ерекше маңызын көрсетеді. Біздің елде 130-дан астам этнос өкілдері өмір сүріп, әрқайсысының мәдениеті, тілі мен дәстүрлері сақталып, дамуда. Бұл әртүрлілік тек байлық қана емес, сонымен қатар қоғамдағы татулықтың негізі болып табылады.

Татулық – халықтың бірлігі мен ынтымақтастығының символы. Ол жеке адамдардың, этностар мен мәдениеттердің арасындағы өзара құрмет пен түсіністікті қалыптастырады. Татулықтың арқасында халықтың мәдениеті, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Бірлік – қоғамның нығаюы-

на, даму мен прогреске жеткізетін жол. Жастарды патриотизмге, ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу – татулықты нығайтудың басты жолы.

Татулық – елдің тірегі, халықтың бірлігі мен ынтымақтастығының нышаны. Татулықты сақтау, насихаттау және нығайту – әрқайсысымыздың міндетіміз. Тек бірге ғана біз дамыған, тұрақты, болашағы жарқын қоғам құра аламыз. Татулықсыз ешқандай жетістікке жете алмаймыз, сондықтан да бұл құндылықты қорғау және дамыту – әр азаматтың парызы. Біз татулықты күшейту арқылы – еліміздің дамуына, қоғамдық келісім мен тұрақтылығына үлес қосамыз.



**Зарина ӘБИЛАҚ,
Түркістан облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
бас маманы**

• АСЫЛ МҰРА

ТАРИХТЫ ТАҢУ ТІЛДЕН БАСТАЛАДЫ

Қазақстанның егеменді, тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі – мемлекеттік тіл. Еліміз егемендік алғалы ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қазақ тілі, мемлекеттік тіл еліміздің барлық аумағында қолданылуға тиіс және қорғалуға қажетті. Мысалы: мемлекеттік басқару, сот ісін жүргізу, заң шығару, іс қағазын жүргізу салаларында кең өріс алып келеді. Тарих – дінімізді, салт-дәстүрімізді, әдебиет-мәдениетімізді ана тілі арқылы тануымыз керек.

Мемлекеттік тіл – қазақ тілі деген соң, мемлекеттік қызметкерлері міндетті түрде қазақ тілін жоғары деңгейде біліп, және халыққа қызмет көрсету барысында пайдалана отырып, оны насихаттауы тиіс.

Бүгінгі күні Ақтөбе қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық

сотында – 2023 жылы барлық қабылданған 15679 әкімшілік істің 9003-і мемлекеттік тілде түскен. Ағымдағы жылдың 11 айында 16473 әкімшілік іс қаралды, оның 10082-сі мемлекеттік тілде келген. Соңғы екі жылдың статистикалық мәліметтеріне сүйенсек 2021 жылы 9738 әкімшілік іс түсті, оның ішінде 4154 әкімшілік іс мемлекеттік тілде. 2022 жылы түскен 11867 әкімшілік істің 6041-і мемлекеттік тілде түскен, ол барлық түскен істердің жобамен 50% құрайды.

Сонымен қатар, соттың кіріс, шығыс және ішкі құжат айналымы 100 % мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. Алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстар жүргізіледі.

**А.КАРИМОЛДАЕВА,
Ақтөбе қаласының әкімшілік
құқық бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының кенес бас маманы**

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

13. КОНКУРС ӨТКІЗІЛЕДІ!

- «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ 2024 жылғы 25 желтоқсанда Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс №1, Қызылорда облысы әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 429 каб. жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.
- Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады: 2.1 Ауданаралық (қалааралық облыс ішілік) тұрақты автобус маршруттары: Шиели-Қызылорда, Қызылорда-Бесарық, әлеуметтік мәні бар тұрақты автобус маршруттары: Ортақшыл-Қызылорда, Тұрсынбай Датқа-Қызылорда, Инкардрия-Қызылорда, Аққар-Қызылорда, Жалағаш-Жосалы, Жаңадария-Қызылорда, Көкекбаев-Қызылорда, Токмағамбетов-Қызылорда.
- Облысаралық қалааралық тұрақты автобус маршруттары: Өйтеке би-Ақтөбе, Төреғам-Түркістан, Арал-Өйтеке би-Түркістан, Қызылорда-Тараз.
- Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.
- Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1, Қызылорда облысы әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 429 каб. бойынша ұсынуы тиіс.
- Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2024 жылғы 11 желтоқсан сағат 18-00 дейін.
- 2024 жылғы 28 қараша сағат 16-00 конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурстық алдындағы конференция өткізеді.
- Анықтама алу үшін телефондары: 8 (7242) 60-54-75, 60-54-77.

ТАРАТУ

- «DJENKY COFFEE» ЖШС (БСН 190740034690) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылдық округі, Қазығұрт ауылы, Қонаев көшесі, 27/2 үйі.
- «JASMI group» ЖШС (БСН 230540000986) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Жансүгіров көшесі, 2-үй, 3-пәтер, тел. 87003002139.
- «Тоскана Авто» ЖШС (БСН 230340017735) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: А01К6F9, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Рысқұлов даңғылы, 140/4-ғимарат, тел. 87051907880.
- «Distinction» ЖШС (БСН 230540004176) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Қонаев көшесі 12/1, тел. 87754407618.
- «Ырыс балапан» балабақшасы» ЖШС (БСН 180140006861) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Ұлжан-1, К.Жалайыры, 177, тел. 87767391500.
- «Фабрика Дети» ЖШС (БСН 201140035733) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 58В ғимарат, тел. 7701112650.

8. БКО әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Көп бейінді облыстық балалар ауруханасы» МКК директорын бос лауазымына орналастыру конкурсы жариялайды.

Мекенжайы: БКО, Орал қаласы, Зачаганск кенті, Доспанова к-сі, 2/1; тел. анықтама алуды үшін: +7 7112 501602, +7 7477827358, odb_1@mail.ru, 7G бөлмесі.

ШЖҚ «Көп бейінді облыстық балалар ауруханасы» МКК қызметінің мәні: қала мен облыстың балалар халқын сапалы, қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз ету. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты – қала мен облыстың балаларына мамандандырылған, білікті медициналық көмек пен ЖТМК көрсету сапасын арттыру, денсаулықты сақтау және нығайту, стационарлық және стационарлық көмекте халықтың медициналық көмекке қажеттілігін қанағаттандыру; консультациялық-диагностикалық көмек көрсету болып табылады.

Облыстық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымының басшысына (директор) қойылатын талаптар:

- Медицина саласындағы жоғары білім (бейін бойынша);
- «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша қайта дайындық туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік санаттарын беру туралы куәлік; немесе «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және (немесе) «Бизнес және құқық» немесе жоғары оқу орнынан кейінгі «Денсаулық сақтау» білім беру бағыты бойынша білім және (немесе) «Бизнес және құқық» немесе MBA executive немесе full time дәрежесі; денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаттың болуы; денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өтімі кемінде 3 жыл;
- медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін – кәсіби құзыреттерінің болуы; дәрігердің біліктілігіне (бейін бойынша) бірінші (жоғары) біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі, клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы; қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері;

денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлық-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері; басқарудың экономикалық әдістері және ұйым қызметін талдау; медициналық қызметтер нарығының конъюктурасы; денсаулық сақтаудағы адам ресурстарын басқарудағы үздік тәжірибелер; халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын статистиканы, өлшемшарттар мен көрсеткіштері;

отандық медицинаның заманауи ғылыми жетістіктері; денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитариялық және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары мен нормалары; төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру; Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар: Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу жөніндегі өтінім;
- 2) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 3) білімі туралы құжаттардың көшірмелерін;
- 4) еңбек кітапшасының (егер бар болса) немесе еңбек шартының көшірмесі, қабылдау және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтан үзінді көшірме не еңбек өтілін растайтын басқа құжат;
- 5) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің сотталғысы жоқ екендігі туралы анықтама.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар конкурсты жарияланған Кәсіпорынға хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта мекенжайына құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталған күнге дейін электрондық түрде құжаттарды ұсынады.

Құжаттардың түпнұсқалары өңімелесу басталар алдында бір сағат бұрын кешіктірілмей ұсынылады. Оларды ұсынбаған жағдайда ол адам өңімелесуден өтуге жіберілмейді.

Конкурсқа қатысушының өзі білімі, еңбек өтілі, кәсіби даярлығы туралы қосымша ақпарат бере алады (біліктілігін арттыру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнынан ұсыныстар және т.б.).

Құжаттарды қабылдау басталатын күн және конкурсқа қатысу туралы өтініштерді ұсыну мерзімі: құжаттар 2024 жылы 26.11.–10.12.аралығында, сағат 08:00-ден 17:00-ге дейін жұмыс күндері қабылданады.

Конкурсты өткізу орны: құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде. Хабарлама қатысушылардың электрондық мекенжайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу арқылы жүзеге асырылады.

7. Конкурс өткізу орны: БКО, Орал қаласы, Зачаганск кенті, Доспанова көшесі, 2/1, конференц-зал.

7. Тері лейшманиозы

Отырар ауданының Сырдария өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан елді мекендерінде, тері лейшманиозы инфекциясының көзі саналатын үлкен құмтышқандар көптеп кездеседі. Инфекцияның көзі – үлкен құмтышқандар, ал оны таратушылар – москиттер. Тері лейшманиозы ауруының алдын алу мақсатында жылына 2 реттік дезинсекция және дератизация іс-шаралары жүргізіледі.

Табиғи ошақтарда құмтышқандарды жою үшін әрбір елді мекен мен дала қосынның айналасында 3 километр радиуста орналасқан кеміргіштердің барлық індері өңделеді;

Дератизация жұмыстары: Ауыл айналасында үлкен құмтышқандар колониясы орналасқан жерлерде дератизациялық іс-шаралардың жүргізілетіндігі жайында жергілікті ауыл әкімшіліктері алдын ала (малдарын өріске уақытша шығармауын) елді мекен халқына хабарлар етілуі тиіс.

Табиғи ошақтарда дератизациялық өңдеу барлық індердің саңылауын қалдырмай препараттарды таратып салу жолымен жүргізіледі;

Тері лейшманиозы кезінде дератизациялық өңдеулер жүргізудің оңтайлы кезеңі – мамыр-маусым және қазан-қараша айлары;

Халық арасында алдын ала өңдеу жұмыстары кезінде жүргізілетін іс-шараларды түсіндіру:

Дезинсекция жұмыстары: Тұрғын үйде адамдар, үй жануарлар (балық пен құс) жоқ кезде, терезесі жабық болмесе жүргізіледі.

Азық-түліктер және ыдыс-аяқтар өңдеуді жүргізбесе бұрын сыртқа шығарылып немесе жақсылап жаппан дұрыс. Үй жайлардағы бөлмелерде жылжымалы мүліктерді ортаға жылжытып, өңдеу жұмыстарына жағдай жасаулы керек;

Өңдеу аяқталғаннан кейін 3-сағатқа есік-терезені жауып, содан кейін дезинсекциялық құралдың иісі кеткенше бөлмені желдетіп, дезинсекция жүргізілген бөлмелерге сабынды сумен ылғалды тазалауды жүргізгеннен кейін, үйге кіруге рұқсат етіледі.

**ҚР ДСМ СЭБК-УС» ШЖҚ РМК
«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының
Отырар аудандық дезинфекциялық секторының эпидемиолог көмекшісі
Ә.О.ШОХАЕВ**

6. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 14 қазандағы №847 қаулысының негізінде «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Атырау облысының төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі (БСН 050340005347) оған «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің Атырау облысы департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (БСН 141140012562), «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Атырау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Атырау қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесі (БСН 240240034892) және «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Атырау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағы (Атырау қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесі (БСН 240240035117) қосу жолымен қайта ұйымдастыру жүргізілуде.

Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Қазақстан Республикасы Атырау облысы, Атырау қаласы, М. Әуезов көшесі, 53А мекенжайы бойынша қабылданады, тел.: 45-00-00, 45-01-01.

9. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 14 қазандағы № 847 қаулысының негізінде «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қызылорда облысының төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі оған «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің, «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Қызылорда қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесі және «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағы (Қызылорда қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесінің қосу жолымен қайта ұйымдастыру жүргізілуде.

Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әлихан Бөкейхан көшесі, құрылыс 69 мекенжайы бойынша қабылданады, тел.: 8(7242)700326.

МҰРАҒЕРЛІК

3. 2024 жылдың 8 маусымында қайтыс болған Нұрманов Нұрланбек Шілманұлының артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлері мен мүдделі тұлғалардың жеке нотариус Қ.Хасановқа хабарласуы қажет. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиели ауданы, Шиели кенті, С.Сейфуллин көшесі, 6/5, тел. 87029029090.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ – Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaidybaeva@gmail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PU» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтешов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы). Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. Әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отан» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиббаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-77-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.:

• ИГІ ІС

Шымкент қаласында емханалардың орташа жүктемесі 31 мыңнан 21 мыңға дейін азайды. Бүгінде үшінші мегаполис тұрғындарына 14 мемлекеттік, 44 жекеменшік емхана қызмет көрсетуде.

МЕГАПОЛИС МЕДИЦИНАСЫ: САН МЕН САПА

Қалалық әкімдік денсаулық сақтау басқармасына ұдайы көңіл бөліп, халықтың сапалы медициналық қызметпен қамтылуын тұрақты назарында ұстап отыр. Соның нәтижесінде соңғы екі жылда ғана 14 жаңа емхана ашылып, дәрігерлердің жүктемесі айтарлықтай азайған. Ал бұл жұмыс сапасын ғана көтеріп қоймай, сонымен бірге медицина қызметкерлерінің жүктемесін төмендетуге, дәрігерлер мен медбикелердің тәжірибесін шыңдап, қосымша ізденуіне жол ашты. Кейінгі жылдары қала аумағында жаңа емханалардың бой көтеруі емделсем, денсаулығымды түзесем деген халықтың медициналық қызметке қолжетімділігін арттырды. Айталық бұрын жыл сайын төрт мыңға жуық адам ауруханада жатып ем қабылдайтын болса, биыл емделушілерге берілетін орын саны бірден жеті жүзге көбейіп отыр. Болашақта Шымкент қаласынан 800 орындық университеттік клиника мен 200 орындық перинаталдық орталық ашу жоспарлануда. Мұндай қажеттілік жоғары оқу орындарында білім алып жатқан жастардың денсаулығына жіті көңіл бөліп, ана мен балаға жайлы жағдай жасауға деген қажеттіліктен туындап отырғаны белгілі.

1 қазандағы мәлімет бойынша Шымкент тұрғындарының саны – 1 236 999. Жыл сайын емес, күн сайын өсіп жатқан мегаполис жұртшылығына қызмет ұсынып отырған денсаулық сақтау қызметкерлерінің де құрамы сауатты, білімді, тәжірибелі мамандардан құралған. Айталық қазіргі кезде тұрғындарға денсаулық сақтау саласы



бойынша көмегін ұсынған медициналық мамандардың 5 085-і дәрігер болса, 11 132-і орта буын қызметкерлер.

Көрсеткіштер көңіл қуантады

Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасының биылғы 10 айда атқарған іс-шараларының тізбесінде көз қуантып, көңіл жұбатар көрсеткіштер жеткілікті. Оның кейбіріне тоқталып өтер болсақ:

1. Денсаулық сақтау жүйесін цифрландыруды ұлғайту мақсатында Шымкент қаласының медициналық ұйымдарында 5 пилоттық жоба жұмыс жасауда;
2. 2024 жылы №1 қалалық клиникалық аурухана базасында 9 бүйрек және 2 бауыр трансплантациясы жасалды;
3. Алғаш рет №2 қалалық аурухана базасында гепатологиялық орталық және диабеттік табан, қосымша ней-

рохирургия бөлімшелері ашылды (№2 аурухана базасында 150 нейрохирургиялық операция жүзеге асырылды. Күрделі оталар Өзбекстан, Тәжікстан, Молдова, Швейцария елдерінен келген науқастарға да жасалған);

4. Қалалық клиникалық балалар ауруханасында ауруларды ерте анықтау

(Шымкент қаласының 66 медициналық ұйымы 100% 1-с бухгалтериясы медициналық ақпараттық жүйесімен (МИС) қамтылды;

10. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Шымкент қаласының 54 (100%) медициналық ұйымында министрлікпен бекітілген жоспар «Әлеуметтік әмиян» жобасы шеңберінде 100 пайыз орындалды. Осы арада бұл көрсеткіш республика бойынша – 32,8%, ал бұл республикалық маңызы бар Астанада – 35,7%, Алматыда – 14% ғана екенін ерекше атап өткен жөн;

11. 2024 жылы 46 дәрігер шетелде, атап айтқанда Ресей мен Түркияда өз біліктілігін арттырды;

12. Ресейдегі Мәскеу қаласының реабилитолог-маманының қатысуымен халықаралық шеберлік сыныбында невролог, реабилитолог, ортопед, кардиолог, ЕДШ-нұсқаушы, педагог-психолог, дефектолог, логопед сияқты 32 реабилитологиялық қызмет мамандары денсаулығында ерекше қажеттіліктері бар балалардың диагнозы мен емдеу тактикасын анықтау үшін халықаралық жұмыс классификациясы бойынша оқытылды.

ӨНІМ ҮЛКЕН СҰРАНЫСҚА ИЕ

Шымкентте өндірілген дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдар елімізде ғана емес, шетелде де сұранысқа ие. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының экспортшылар каталогына медицина саласы бойынша кірген 5 өндіріс орнының үшеуі Шымкент қаласында орналасқан. Олар: «Химфарм» акционерлік қоғамы мен «КазМедПром», «ЭкоФарм Интернейшнл» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері. Мәселен, Орталық және Шығыс Еуропа мен Кавказ және Орталық Азия нарығында жұмыс жасайтын халықаралық «Polpharma» фармацевтикалық компаниясының құрамына кіретін «Химфарм» АҚ-ы Қазақстанда «SANTO Member of Polpharma Group» сауда белгісімен жұмыс жасайды. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры «Бизнесің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Химфармға» дәрі-дәрмектерін Қырғызстанға экспорттауға қолдау көрсетеді. Сондай-ақ «КазМедПромға» медициналық қолғап-

тарын, «ЭкоФарм Интернейшнлға» медициналық өнімдерін Ресейге шығаруға қолғабыс жасайды.

ДАМУ ЖОСПАРЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР СӘТТІ ОРЫНДАЛУДА

Шымкенттің 2021–2025 жылдарға арналған даму жоспары бойынша, қала болашақта да еліміздің фармацевтикалық орталығы ретіндегі жетекшілігін сақтап қалады. Онда денсаулық сақтау саласында 20-дан астам нысан салу қарастырылған. Бұл қосымша 70 мың адамды қамтуға мүмкіндік беріп, халықтың денсаулығын, медициналық қызмет көрсету сапасын жақсартып, өлім-жітімді азайтып, орташа өмір сүру ұзақтығын 76,3 жасқа дейін ұлғайтуға мүмкіндік беретін болады.

Қаланың даму жоспарындағы өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі мақсатында «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы бойынша дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды шығару бойынша жаңа өндірістер саны 2020 жылы нақты бір өндіріске ұлғайса, жоспарлы кезеңде 2021–2022 жылдары бір-бірден, ал 2023 жылы – 4, 2024 жылы – 1 өндіріске ұлғайту қарастырылған болатын. Сондай-ақ халық денсаулығының көрсеткіштерін жақсарту мақсаты бойынша 2021–2025 жылдар – қаланың барлық елді мекендерін (Шаңырақ, Тассай, Тәжірибе, Қызылсай, Достық, Игілік, Тәуелсіздік 20 жыл, Жиделі, Қайнарбұлақ, Асар-2, Қызылсу, Бадам-2) бастапқы медициналық-әлеуметтік көмек (БМСК) нысандарымен қамтамасыз ету үшін 12 дәрігерлік амбулатория салу жоспарланды.

Шымкент қаласының Денсаулық сақтау басқармасы өзіне жүктелген міндетті толық орындап отыр. Басқарма 58 амбулаториялық-емханалық деңгейдегі және 43 стационарлық деңгейдегі медициналық ұйымдардың дені сау ұлт қалыптастырудағы қызметін барынша өнімді етіп, тиімді жүзеге асыруына ұйытқы бола білуде.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• БАСТАМА

Биыл «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданып, соған сәйкес, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Мұндағы басты жаңалық 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап елімізде дербес кассациялық соттар құрылады.

ҰТЫМДЫ ҰСЫНЫС

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, кассациялық сот үш сатының бірі ретінде Жоғарғы Соттың құрамында өз функциясын атқарып келеді. Алайда аталған сатыда барлық істерді қайта қарауға мүмкіндік болмады. Себебі, кассациялық сот алқасы өзінің қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарды қарайтын. Соның салдарынан қылмыстық және азаматтық істердің небәрі 5 пайызы ғана кассацияға жолданып отыр. Мұндағы кейбір шектеулер азаматтардың конституциялық құқықтарын қолдануға өз кедергісін келтіреді. Себебі, әркім өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар деп Ата Заңымызда анық жазылған-ды. Кассациялық сот сатысын құру арқылы осы мәселені түпкілікті шешуге жол ашылмақ.

Быттыр ғана Мемлекет басшысы бизнес өкілдерімен кездесуде дербес кассациялық сатыны құру мәселесін атап өткен болатын. Мұның өзі кәсіпкерлердің, заң қоғамдастығының, түрлі сала мамандарының ұсыныс-тілегінің негізінде көтерілгені белгілі. Оның негізгі мақсаты

– барлық іс санаттарының кассациялық тәртіпте қайта қаралуына азаматтар мен заңды тұлғалардың құқығын толық жүзеге асыруға мүмкіндік жасау.

Жаңа сот істер мен материалдарды кассациялық сатыдағы сот ретінде қарайды. Сонымен қатар сот практикасын зерделейді және оны жинақтау қорытындысы бойынша, төмен тұрған сот сатысының заңдылықты сақтауын қарайды. Бірыңғай кассациялық тәртіп заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарап, алдын ала қараудың болмауын, 6 ай шегінде ақылға қонымды мерзім белгілеуін, істерді мәні бойынша үш судья құрамында қарауды қамтитын болады. Осы орайда жаңашылдық дамыған шет мемлекеттерде тиімді қолданылып келе жатқанын атап өткен жөн. Өйткені, біз өмір сүріп жатқан құқықтық мемлекетте азаматтар мен заңды тұлғалардың құқығы мен бостандығын қорғау сот жүйесіне тікелей байланысты.

Тұрар ТЕМІРБАЕВ,
Қызылорда қаласы №2 сотының судьясы

• ҚҰҚЫҚТЫҚ САҒАТ

«ЕУРОХАТТАМАНЫҢ» АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап азаматтар ұсақ жолкөлік оқиғалары кезінде полицияның және соттың қатысуынсыз жеңілдетілген тәртіпте сақтандыру жағдайын рәсімдей алады.

Бұл үшін мемлекет «Еурохаттама» мобильді қосымшасын әзірледі. Қосымшаның көмегімен жүргізушілер өздері жолкөлік оқиғасын тіркеп, сақтандыру компанияларына материалдық залалды өтеуіне өтінім береді. Еурохаттама арқылы жолкөлік оқиғаларын рәсімдеу үшін міндетті үш шарт бар.

1. Жолкөлік оқиғасына 2 көлік құралы ғана қатысуы; 2. Жүргізушілердің қолданыстағы сақтандыру болса және кім кінәлі, кім зардап шегуші екенінде келіспеушілік болмаса; 3. Жолкөлік оқиғасы кезінде денсаулыққа зиян келмесе және көлікке келтірген залал сомасы 100 АЕК-тен аспаса;

Сондай-ақ екі жүргізушінің ұялы телефоны еговка тіркелуі қажет. Осындай тәртіпте жолкөлік оқиғасын рәсімдеу үшін мобильді телефонға «Еурохаттама» қосымшасын қосып алып тіркелу рәсімін жүргізу және оқиға материалдарының фото және бейнесін салу керек. Фото-бейне сурет сапалы болған жағдайда сақтандырушылар да автокөліктің соқтығы-

су фактісі мен келтірілген залалдың мөлшері туралы қосымша мәлімет талап етпейді. Фотосуретті сәтті жүктеп, декларацияны толтырғаннан кейін бұл құжаттар сақтандыру компаниясына жіберіледі. Зардап шеккендерге сақтандыру жағдайын тіркеу туралы SMS-хабарлама келуі тиіс. SMS-хабарламаның түсуі, сақтандыру ұйымының өтемақы алуға өтінішті қабылдағанын білдіреді. Осыдан кейін ғана автокөлік иелері апат орнынан кете алады. Қосымшаны тиімді пайдалану мақсатында жүргізушілер жақын жердегі полиция нарядына жүгіне алады. Олар хаттаманы рәсімдеуге көмектеседі.

Еурохаттаманың артықшылығы неде?

1. Азаматтарға ұсақ жолкөлік оқиғасын рәсімдеу үшін полицияны күту қажеттілігі болмайды және жолдағы кептеліске жол берілмейді.

2. Мұндай рәсімдеу кезінде жүргізушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды.

3. Әкімшілік және сот рәсімі болмағандықтан, сақтандыру төлемінің

мерзімі қысқарады. Егер бұрын бұған 30 күннен 90 күнге дейін уақыт кетсе, қазір хаттама тіркеу сәтінен бастап төлемді алуға 5 күн жеткілікті.

1. Фото-бейне түсірілім кезінде адамның түрін қабылдамау;
2. Геолокация қосылмау;
3. 102 операторына хабарласуын сұрау;
4. Жасырын санды қабылдамау;
5. БИН арқылы тіркелмеу;
6. Жүргізушілердің ұялы байланыс нөмірінің «Егов» қосымша жүйесіне тіркелмеуі.

Десек те, еурохаттама рәсімдеу кезінде автокөлік иелері сақтандыру төлемін кеңсеге бармай-ақ қашықтан ала алады. «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» заңына сай еурохаттама бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін пайда алушы (жабірленуші) сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі кезінде өтеудің шекті мөлшерінен асып мөлшерде зиянды өтеу туралы сақтандырушыға қосымша талаптар қоюға құқылы емес. 100 АЕК-ке дейінгі мөлшерде сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемесі тиісті түрде орындалған болып есептеледі.

Алтынай ОСПАНОВА,
Атырау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің бас маманы